OSG ARCHIVE NUMBER
K 000 475 790

REPORT ARCHIVE COPY

# «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2012 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
**шоғырландырылған қаржылық есептілігі**

## «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

**МАЗМҰНЫ**

**БЕТ**


2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ МЕН БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ 1

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ 2-3

2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ

- Қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есеп 4-5
- Жиынтық кіріс жөніндегі шоғырландырылған есеп 6
- Капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есеп 7
- Ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі шоғырландырылған есеп 8-9
- Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер 10-54

## 2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

Басшылық «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі - «Топ») 2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдайын сенімді көрсететін, сондай-ақ оның қызметінің нәтижелерін, осы күнге аяқталған жылға капиталдағы өзгерістер мен ақша қаражаттарының қозғалысын Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде басшылық:

- есеп саясаты қағидасын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, оның ішінде осындай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырылмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін есеп саясаты жөніндегі деректі ұсынуға;
- ХҚЕС талаптарын орындау пайдаланушылардың есептілікті түсінуіне кейбір мәліметтер жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға;
- Топтың өз қызметін келешекте де жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сондай-ақ:

- Топтың барлық кәсіпорындарында тиімді әрі сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Топтың қызметін ашып түсіндіруге мүмкіндік беретін, сондай-ақ Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы жөніндегі ақпаратты кез келген сәтте жеткілікті дәлдікпен ұсынуға мүмкіндік беретін және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін күйде есеп жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті ХҚЕС пен Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізуге;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық өзінің құзыретіне қарай орынды шараларды қабылдауға; және
- қаржылық алаяқтық және басқа да теріс пайдаланушылық фактілерін анықтауға және алдын алуға жауапты.

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» АҚ басшылығы 2012 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігін 2013 ж. 15 наурызда мақұлдады және оны шығару үшін бекітті.

**Топ басшылығы атынан**

**Ә.Қ. Жетенова**
**Басқарушы директор**

**Б.А. Мұқышев**
**Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік есеп департаментінің директоры–Бас бухгалтер**

2013 ж. 15 наурыз
Қазақстан, Астана қ.

ТОО «Делойт»
пр. Аль-Фараби, 36,
г. Алматы, 050059,
Республика Казахстан

Тел: +7 (727) 258 13 40
Факс: +7 (727) 258 13 41
almaty@deloitte.kz
www.deloitte.kz

# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар Кеңесі мен Акционеріне:

Біз «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі - «Топ») қоса беріліп отырған, ол 2012 ж. 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есепті және сол күні аяқталған жыл іші тиісті жиынтық кіріс жөніндегі, ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі және капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есептерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидалары мен басқа да түсіндірмелерді қамтыған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

**Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудағы басшылық жауапкершілігі**

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес дайындауға және дұрыс ұсынуға, сонымен қатар басшылықтың теріс әрекет немесе қателік салдарынан болатын елеулі бұрмалаулары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесін құруға жауапты.

**Аудиторлар жауапкершілігі**

Біздің жауапкершілігіміз өзіміз жүргізген аудит негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі туралы пікір білдіруден тұрады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар аудиторлардың әдеп нормаларын сақтауын, сондай-ақ аудиттің шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлануы мен жүргізілуін талап етеді.

Аудит шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі санды көрсеткіштерге және ескертулерге қатысты аудиторлық дәлелдер алуға бағытталған рәсімдердің жүзеге асырылуын қамтиды. Рәсімдерді таңдау теріс әрекет немесе қателік салдарынан болатын шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, аудиторлардың кәсіби пайымдауларына негізделеді. Осындай тәуекелдерді бағалау ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, аталған жағдайларда қолданылатын аудиторлық рәсімдерді әзірлеуге, қаржылық есептілікті дайындау мен дұрыс ұсынуға қатысты ішкі бақылау жүйесін қарастыру мақсатында жасалған. Аудит сондай-ақ қолданылатын есеп саясатының орындылығы мен басшылық жасаған болжамдардың негізділігін бағалауды және жалпы шоғырландырылған қаржылық есептілікті бағалауды қамтиды.

Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті негіз болып табылатынына сенімдіміз.

Наименование «Делойт» относится к одному либо любому количеству юридических лиц, входящих в «Делойт Туш Томацу Лимитед», частную компанию с ответственностью участников в гарантированных ими пределах, зарегистрированную в соответствии с законодательством Великобритании; каждое такое юридическое лицо является самостоятельным и независимым юридическим лицом. Подробная информация о юридической структуре «Делойт Туш Томацу Лимитед» и входящих в нее юридических лиц представлена на сайте www.deloitte.com/about. Подробная информация о юридической структуре «Делойта» в СНГ представлена на сайте www.deloitte.com/ru/about.

Member of Deloitte Touche Tohmatsu Limited

**Пікір білдіру**

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілігі Топтың 2012 ж. 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ сол күні аяқталған жыл іші шоғырландырылған қызмет нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес барлық елеулі аспектілер тарапынан алғанда шынайы көрсетеді.

Татьяна Гутова
Тапсырма бойынша серіктес
Білікті аудитор
Біліктілікті айқындайтын куәлік №0000314,
1996 ж. 23 желтоқсан
Қазақстан Республикасы

«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасы бойынша аудит жүргізуге құқығы бар лицензиясы №0000015, түрі МФЮ-2, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен 2006 ж. 13 қыркүйекте берілген

Нұрлан Бекенов
«Делойт» ЖШС
Бас директоры

2013 ж. 15 наурыз
Алматы қ., Қазақстан

## «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

### 2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
*(мың теңгеде)*

| | Ескерту | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР: | | | |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар | 6 | 10,146,158 | 7,298,784 |
| Материалдық емес активтер | 7 | 212,306 | 164,779 |
| Қауымдастырылған және бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға салынған инвестициялар | 8 | 4,267,076 | 3,516,279 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | 9 | 1,063,235 | 342,252 |
| Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер | 33 | 213,691 | 132,567 |
| Жылжымайтын мүлікке салынған инвестициялар | | 45,196 | 54,753 |
| Ұзақ мерзімді инвестициялар | | 4,417 | 4,417 |
| **Ұзақ мерзімді активтер жиыны** | | **15,952,079** | **11,513,831** |
| АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР: | | | |
| Босалқылар | 10 | 10,887,246 | 8,197,964 |
| Сауда дебиторлық берешек | 11 | 1,817,049 | 1,159,342 |
| Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем | | 146,397 | 79,156 |
| Өтелетін басқа да салықтар | 12 | 641,505 | 557,558 |
| Пайдалануы шектеулі ақша қаражаттары | 13 | 87,062 | 82,391 |
| Басқа да ағымдағы активтер | 14 | 6,296,234 | 2,268,510 |
| Ақша қаражаттары мен олардың баламалары | 15 | 10,114,635 | 3,485,674 |
| | | 29,990,128 | 15,830,595 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер | | 1,832 | 64,004 |
| Ағымдағы активтердің жиыны | | 29,991,960 | 15,894,599 |
| АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ | | 45,944,039 | 27,408,430 |
| **КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| КАПИТАЛ: | | | |
| Жарғылық капитал | 16 | 12,101,802 | 12,101,802 |
| Қосымша төленген капитал | 17 | 743,301 | 522,835 |
| Бөлінбеген пайда | | 7,696,411 | 3,874,545 |
| Аналық компания акционеріне тиесілі капиталы | | 20,541,514 | 16,499,182 |
| Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі | 18 | 561,383 | 573,174 |
| Капитал жиыны | | 21,102,897 | 17,072,356 |
| ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: | | | |
| Қарыздар | 19 | 462,327 | 539,164 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 20 | 4,327,836 | - |
| Қаржылық жал бойынша міндеттемелер | 21 | 1,415,843 | 479,222 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | 22 | 218,216 | 866,309 |
| Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер | 33 | 639,649 | 642,935 |
| Артықшылықты акциялардың қарыздық компоненті | | 205,072 | 197,846 |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны | | 7,268,943 | 2,725,476 |

# «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

## 2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

*(мың теңгеде)*

| | Ескерту | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: | | | |
| Қарыздар және ұзақ мерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі | 19 | 6,220,430 | 2,440,297 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың ағымдағы бөлігі | 20 | 34,005 | - |
| Қаржылық жал бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі | 21 | 345,031 | 152,792 |
| Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер | 21 | 204,370 | 183,230 |
| Сауда кредиторлық берешек | 23 | 3,911,553 | 719,931 |
| Табыс салығы бойынша берешек | | 236,113 | 156,278 |
| Салықтар бойынша берешек | 24 | 1,427,207 | 1,024,415 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | 25 | 5,193,490 | 2,933,655 |
| Ағымдағы міндеттемелер жиыны | | 17,572,199 | 7,610,598 |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ | | 45,944,039 | 27,408,430 |

**Топ басшылығы атынан:**

**Ә.Қ. Жетенова**
**Басқарушы директор**

**Б.А. Мұқышев**
**Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік есеп департаментінің директоры – Бас бухалтер**

2013 ж. 15 наурыз
Қазақстан, Астана қ.

10-54 беттердегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде көрсетілген.

## ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

### 2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
*(мың теңгеде)*

| | Ескерту | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|---|
| КІРІСТЕР | 26 | 52,153,614 | 33,623,194 |
| ӨЗІНДІК ҚҰН | 27 | (43,392,917) | (28,222,723) |
| ЖАЛПЫ ПАЙДА | | 8,760,697 | 5,400,471 |
| Жалпы және әкімшілік шығындар | 28 | (3,807,427) | (2,855,658) |
| Сату бойынша шығындар | 29 | (841,849) | (640,484) |
| Басқа да пайдалар мен залалдар | 30 | 618,165 | 502,530 |
| Бағамдық айырмашылықтан түскен кіріс/(залал), нетто | | (21,272) | 50,374 |
| Кауымдастырылған және бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар пайдасындағы үлес | 8 | 997,227 | 727,527 |
| Пайда мен залалдар арқылы қаржылық міндеттемелер бойынша залал | 21 | (21,140) | (28,417) |
| Қаржылық кірістер | 31 | 314,818 | 79,531 |
| Қаржылық шығындар | 32 | (790,886) | (389,858) |
| ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА | | 5,208,333 | 2,846,016 |
| ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР | 33 | (670,367) | (581,929) |
| Жалғастырылған қызметтен түскен жылғы пайда | | 4,537,966 | 2,149,510 |
| Тоқтатылған қызметтен түскен жылғы пайда | 34 | 20,580 | - |
| ТАЗА ПАЙДА ЖӘНЕ ЖЫЛ ІШІНДЕГІ БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ КІРІС | | 4,558,546 | 2,264,087 |
| Таза пайда және барлық жиынтық кіріс, келесілерге катысты: | | | |
| Аналық компания акционеріне | | 4,522,297 | 2,149,510 |
| Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесіне | 18 | 36,249 | 114,577 |
| | | 4,558,546 | 2,264,087 |

**Топ басшылығы атынан:**

«Национальная компания «Казакстан инжиниринг» (Kazakhstan Engineering) Ұлттық компаниясы»

**Ә.Қ. Жетенова**
**Басқарушы директор**

**Б.А. Мұқышев**
**Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік есеп департаментінің директоры – Бас бухгалтер**

2013 ж. 15 наурыз
Қазақстан, Астана қ.

10-54 беттердегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде көрсетілген.

## «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

### 2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП

*(мың теңгеде)*

| | Ескерту | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Бөлінбеген пайда | Аналық компания акционеріне тиесілі капитал | Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2011 ж. 1 қаңтарына | | 12,101,802 | 522,835 | 1,856,543 | 14,481,180 | 458,597 | 14,939,777 |
| Жыл ішіндегі барлық пайда мен жиынтық кіріс | | - | - | 2,149,510 | 2,149,510 | 114,577 | 2,264,087 |
| Артықшылықты акциялардың қарыздық компонентін бағалау | | - | - | (15,508) | (15,508) | - | (15,508) |
| Дивиденттер | 16 | - | - | (116,000) | (116,000) | - | (116,000) |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | | 12,101,802 | 522,835 | 3,874,545 | 16,499,182 | 573,174 | 17,072,356 |
| Жыл ішіндегі барлық пайда мен жиынтық кіріс | | - | - | 4,522,297 | 4,522,297 | 36,249 | 4,558,546 |
| 55,117 мың теңге сомасына тең кейінге қалдырылған салық әсерін есептемегенде, Акционерден алынған қарыз бойынша әділ құнына дейінгі түзету | 19 | - | 220,466 | - | 220,466 | - | 220,466 |
| Артықшылықты акциялардың қарыздық компонентін бағалау | | - | - | (7,226) | (7,226) | - | (7,226) |
| Дивидендтер | 16, 18 | - | - | (693,205) | (693,205) | (48,040) | (741,245) |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | | 12,101,802 | 743,301 | 7,696,411 | 20,541,514 | 561,383 | 21,102,897 |

**Топ басшылығы атынан**

**Ә.Қ. Жетенова**
**Басқарушы директор**

**Б.А. Мұқышев**
**Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік есеп департаментінің директоры - Бас бухгалтер**

**2013 ж. 15 наурыз**

10-54 беттердегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде көрсетілген.

# «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

## 2012 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

*(мың теңгеде)*

| | Ескерту | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:** | | | |
| Табыс салығы бойынша шығындарды есептегенге дейінгі пайда | | 5,228,913 | 2,846,016 |
| Түзетулер: | | | |
| Тозу және амортизация | 27, 28, 29, 30 | 621,234 | 644,860 |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құнсыздануы | 30 | - | 24,925 |
| Күмәнді қарыздар бойынша резерв | 28 | 32,936 | (38,304) |
| Өтімсіз босалқылар бойынша резерв | 28 | (56,046) | 56,078 |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар және материалды емес активтердің шығуынан түскен пайда | 30 | (532,944) | (393,664) |
| Бағамдық айырмашылықтан түскен залал/(пайда) | | 21,272 | (50,374) |
| Инвестицияның шығуынан түскен залал | | (40,371) | 1,074 |
| Қауымдастырылған және бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар пайдасындағы үлес | 8 | (997,227) | (727,527) |
| Пайда мен залалдар арқылы қаржылық міндеттемелер бойынша залал | 21 | 21,140 | 28,417 |
| Кепілдік міндеттемелер бойынша резерв | | 371,036 | 113,830 |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв | | 524,442 | 145,423 |
| Қызмет көрсету бойынша шығындарды (қалпына келтіру)/есептеу | | (392,792) | 392,792 |
| Басқа да резервтер | | 145,840 | (5,109) |
| Қаржылық кірістер | | (95,377) | - |
| Қаржылық шығындар | 32 | 790,886 | 389,858 |
| Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы | | 5,642,942 | 3,428,295 |
| Айналым капиталының баптарындағы өзгерістер: | | | |
| Босалқылардың өзгеруі | | (2,704,973) | (2,397,235) |
| Сауда дебиторлық берешектің өзгеруі | | (664,257) | 31,889 |
| Қосылған құн салығы мен өтелуі тиіс басқа да салықтардың өзгеруі | | 64,934 | (297,376) |
| Басқа да активтердің өзгеруі | | (2,034,694) | (1,407,251) |
| Сауда кредиторлық берешектің өзгеруі | | 3,184,505 | (632,907) |
| Салықтар бойынша берешектің өзгеруі | | 353,571 | 583,074 |
| Басқа да міндеттемелердің өзгеруі | | 813,679 | (1,089,175) |
| Операциялық қызметтен түскен/(пайдаланылған) ақша қаражаттары | | 4,655,707 | (1,780,686) |
| Төленген пайыздар | | (445,596) | (357,820) |
| Төленген табыс салығы | | (736,242) | (537,364) |
| Операциялық қызметтен түскен/(пайдаланылған) таза ақша қаражаттары | | 3,473,869 | (2,675,870) |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:** | | | |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатып алу | | (2,002,753) | (717,633) |
| Материалды емес активтерді сатып алу | | (107,141) | (22,537) |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген алдын-ала төлемдер | 9 | (921,130) | (240,249) |
| Қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестицияларды сатып алу | | - | (1,319,595) |
| Берілген қысқа мерзімді қарыздар | | (2,200,000) | (307,000) |
| Берілген қарыздарды өтеу | | 54,474 | 307,000 |
| Алынған дивидендтер | | 248,825 | 74,246 |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатудан түскен түсім | | 686,898 | 692,098 |
| Ақша қаражатын қоспағанда еншілес ұйымдарға инвестицияларды өткізу | 34 | 8,436 | - |
| Қысқа мерзімді инвестицияларды сатып алу | | (4,671) | (547) |
| Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары | | (4,237,062) | (1,534,217) |

# «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

## 2012 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

*(мың теңгеде)*

| | Ескерту | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:** | | | |
| Облигацияларды шығару | 20 | 4,317,912 | - |
| Қарыздарды алу | | 9,913,114 | 7,246,081 |
| Қарыздарды өтеу | | (5,990,938) | (5,919,378) |
| Қаржылық жалды өтеу | | (71,999) | (20,373) |
| Төленген дивидендтер | | (775,935) | (77,815) |
| Қаржылық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары | | 7,392,154 | 1,228,515 |
| АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ, нетто | | 6,628,961 | (2,981,572) |
| АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басына | 15 | 3,485,674 | 6,467,246 |
| АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл аяғына | 15 | 10,114,635 | 3,485,674 |

**Елеулі ақшалай емес операциялар:**

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде:

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Қаржылық жал бойынша жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар және толымдаушы материалдардың түсімі (21 Ескерту) | 1,240,676 | - |
| Босалқылар қорынан жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар қатарына ауысу (6 Ескерту) | 72,713 | - |
| Қауымдастырылған кәсіпорынға берілген қарыз бойынша әділ құнына дейінгі түзету (8 Ескерту) | 72,991 | 13,045 |
| Босалқылар қорынан басқа да ұзақ мерзімді активтерге ауысу | 63,503 | - |
| Қаржылық жал бойынша алдында берілген алдын-ала төлемдерді есепке алу (9 Ескерту) | 223,582 | - |
| Акционерден алынған қарызды әділ құнына дейін түзету | 220,466 | - |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құнына капиталдандырылған қаржылық шығындар | 72,405 | - |
| Дайын өнім мен аяқталмаған өндірістің баланстық құнына есептелген тозу | 38,656 | 1,685 |

**Топ басшылығының атынан**

**Ә.Қ. Жетенова**
**Басқарушы директор**

**Б.А. Мұқышев**
**Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік есеп департаментінің директоры - Бас бухгалтер**

2013 ж. 15 наурыз
Қазақстан, Астана қ.

10-54 беттердегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде көрсетілген.

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан инжиринг» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Компания» немесе «Қазақстан инжиринг») Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп индустриясының басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 ж. 13 наурыздағы қаулысына сәйкес құрылды. Компания 2003 ж. 16 сәуірде Астана қ. Әділет басқармасында заңдық тұлға ретінде тіркелді (тіркеу нөмірі №13659–1901–АО). 2005 ж. 20 мамырында Астана қ. Әділет департаментінде заңдық тұлға ретінде қайта тіркелді (тіркеу нөмірі №13659-1901-АО).

2012 және 2011 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияның жалғыз акционері болып «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ табылады. 2010 ж. 15 маусымында Компанияның 100% акция пакеті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің сенімді басқаруына берілді.

Компания және оның еншілес кәсіпорындарының қызметтерінің негізгі түрлері:

- екіұдай және азаматтық мақсаттағы қорғаныс тауарлары мен жабдықтарды жетілдіру, өндіру, жүзеге асыру және жою бойынша мемлекеттік саясаттың орындалуына қатысу;
- ішкі талап пен экспортты қамтамасыз ету үшін қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімдерді жетілдіру мен өндіру ағымдағы және ұзақ мерзімді салааралық бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;
- Қазақстан Республикасының қарулы күштері мен басқа да әскери құрылымдарға қаруларды, әскери техника мен екіұдай мақсаттағы өнімдерді өндіру және импортқа, сондай-ақ, оларды экспортқа жіберу;
- конверсия бағдарламасы мен қорғаныс-өнеркәсібі кешенін жетілдіру бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру;
- мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындауға қатысу; мобилизациялық резервтерді қалыптастыру мен сақтау бойынша жоспарлар құру және жүзеге асыру;
- мұнайгаз, теміржол, авиация, ауылшаруашылық, кемеқұрылыс жабдықтарын шығару, азаматтық мақсаттағы тауарларды өндіру.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және келесі еншілес кәсіпорындардың (бұдан әрі «Топ» деп аталатын) қаржылық есептіліктері кіреді:

| Еншілес ұйым | Қызмет сипаты | Тіркелу елі | Қатысу пайызы 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| «811 КИ автожөндеу зауыты» АҚ | Автомобиль техникасына, бронетехникаға, күш тораптары мен агрегаттарына жөндеу жұмыстарын жүргізу; жабдықтарды жаңалау | Қазақстан | 100% | 100% |
| «832 КИ автожөндеу зауыты» АҚ | Автомобиль техникасына жөндеу жұмыстарын жүргізу | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Киров атындағы зауыт» АҚ | Навигациялық жүйелер, радиостанциялар, т/ж кешенін басқару пульті; мұнайгаз кешені үшін басқару блоктары мен автоматталған қондырғылар | Қазақстан | 84% | 84% |
| «Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС | Топ кәсіпорнымен шығарылатын өнімдерді сату, инвестицияны тарту, мемлекеттік бағдарламаларға және жабдықтарды жеткізу тендерлеріне қатысу | Қазақстан | 49% | 100% |
| «Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ | Теңіз су асты қаруы және теңіз кемелері үшін гидравлика және жану автоматика бұйымдары; кен өндіруші өнеркәсіп үшін пневмоперфораторлар; т/ж кешені үшін қосалқы бөлшектер | Қазақстан | 98% | 98% |
| «Мұнаймаш» АҚ | Мұнайгаз секторына ұңғымалы қарнақ, ХТТ | Қазақстан | 52% | 52% |
| «Гидроқұрал ҒЗИ» АҚ | Конструкторлы және зерттеу жұмыстары, сондай-ақ также теңіз, өзен катерлерін, кемелерін, қайықтарын және басқа жүзгіш құралдары мен су асты аппараттарын, жер үсті мен әуе құлтемірін, су асты зерттеу және құбырларды, бұрғылау мұнарасын, су асты объектілерінің жабдықтарын шығару | Қазақстан | 93% | 93% |
| «Омега» құрал жасау зауыты» АҚ | «Таза су» суды тазалауға арналған қондырғылар; темір жолға бөлшектер мен тораптар; сандық АТС және құралма бөлшектері, телефондық аппараттар; ХТТ | Қазақстан | 99% | 99% |
| «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ | Мұнай кәсібіне арнайы техника, қысыммен жұмыс жасайтын түтікше, т/ж жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған құралдар, жылжымалы құрамның бөлшектері; арнайы өнімдерді өндіру және сату, әскери техниканың қазіргі үлгілерін шығару және жаңалау | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Семей инжиниринг» АҚ | Бронетанкті қарулар мен әскери техниканы жөндеу; қозғалтқыш, транспорттық машиналар | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Семей машина жасау зауыты» АҚ | Жыланбауыр транспортер-тартқыш, жүк вагондары үшін люк жапқышы, инженерлік техниканы жөндеу | Қазақстан | 99% | 99% |
| «Күзет» ЖШС | Күзету қызметі | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Тыныс» АҚ | Медтехника, газ қысымды арматура, авиабұйымдар, ПЕТ құбырлары, өрт сөндіру құралдары | Қазақстан | 99% | 99% |
| «Орал Зенит зауыты» АҚ | ҚР ӘТК-ге катерлер мен кемелер; мұнайгаз кешендерге қосалқы бөлшектер болат құрылымдарын жобалау және жасау | Қазақстан | 95% | 95% |
| «ҚазИнж Элеткроникс» АҚ | Радиоэлектроника саласында ғылыми зерттеу жұмыстары, басқарудың автоматтандырылған жүйесін құру, бағдарламалар мен технологияларды әзірлеу және енгізу | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Қару-жарақты басқару жүйелерін енгізудің бірыңғай орталығы» ЖШС | Каруландыруды басқаруда автоматтандырылған жүйені қолдана отырып, ҚӨК кәсіпорындары үшін арнайы өнімдердің жаңа түрлерін әзірлеу және игеру | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС | Авиациялық техниканы жөндеу және қызмет көрсету | Қазақстан | 100% | - |

2012 ж. Топ «Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС-на қатысудағы бақылау үлесін (51%) сатты (8 және 34 Ескертулер).

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 8 Ескертуде көрсетілген қауымдастырылған және бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарда инвестициялары болған.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қонаев к-сі, 10

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қызметкерлерінің саны 6,458 адамды құрады (2011 ж. 31 желтоқсанда: 4,730 адам).

Топтың 2012 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігі басшылықпен 2013 ж. 15 наурызда бекітілген.

**Операциялық орта**

Қазақстан сияқты дамушы елдердің нарығы анағұрлым дамыған нарықтардың тәуекелдерінен ерекшеленетін экономикалық, саяси, әлеуметтік, сот және заңнамалық тәуекелдерге бейім. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеруі мүмкін, сондықтан оларды ерікті түрде түсіну мүмкіндігі бар. Қазақстанның болашақтағы даму бағыты көбінесе елдің салық және ақша–несие саясатына, қабылданып жатқан заңдар мен нормативтік актілерге, сонымен қатар мемлекеттегі саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты.

Қазақстанда кең көлемде мұнай және газ өндіріліп, экспортталуына байланысты, елдің экономикасы әлемдік мұнай және газ бағасының өзгеруіне сезімтал.

## 2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ

**Ағымдағы кезеңде қабылданған стандарттар мен түсіндірмелер:**

Жыл бойы Топ келесі жаңа және қайта қарастырылған стандарттар мен түсіндірмелерді қабылдады:

- ХБЕС 12 «Пайдаға салынатын салық» - Шектелген ауқымның өзгеруі (негізгі активті өтеу) (2012 ж. 1 қаңтардан немесе одан кейінгі есептік кезеңдерде қолданылады);
- ХҚЕС 7 «Қаржылық құралдар – ақпаратты ашып көрсету» қаржылық активтерді аудару туралы ақпараттты кеңірек ашып көрсетуге байланысты түзетулер (2011 ж. 1 шілдеде және одан кейінгі есептік кезеңдерде қолданылады);

Оған қоса, Топ қолданыстағы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын жалпы жақсартуға бағытталған жыл сайынғы бастаманың аясында өзге стандарттарға түзетулерді қабылдады. Бұл түзетулер жеке қаржылық есептілікті ұсыну бойынша, тану және бағалау бойынша кейбір тұжырымдамалар мен мәселелерге қатысты. Нақтылаулар Топтың есеп саясатында бірқатар өзгерістердің болуына әкелді – оның кейбіреулері тек терминологиядағы өзгерістер болып табылады және есептілік сомаларына айтарлықтай әсер тигізбейді.

Жоғарыда көрсетілген стандарттарды қабылдау Топтың операцияларының нәтижелеріне немесе оның қаржылық жағдайына, немесе шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты ескертулерге әсерін тигізбеді.

**Шығарылған, бірақ күшіне енгізілмеген Стандарттар мен Түсіндірмелер**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту күніне келесі Стандарттар мен Түсіндірмелер шығарылды, бірақ күшіне енген жоқ:

ХБЕС 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» - Өзге де жиынтық кірісті ұсыну әдістемесіне түзетулер (2012 ж. 1 шілдеден басталатын есептік кезең үшін)
ХҚЕС 7 «Қаржылық құралдар: ақпаратты ашу» - ХҚЕС 9 бастапқы қолдану туралы ақаратты ашуды талап ететін түзетулер
ХҚЕС 9 «Қаржылық құралдар» (2015 ж. 1 қаңтардан басталатын есептік кезеңге)
ХҚЕС 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» (2013 ж. 1 қаңтардан басталатын есептік кезеңге)
ХҚЕС 11 «Бірлескен келісім» (2013 ж. 1 қаңтардан басталатын есептік кезеңге)
ХҚЕС 12 «Басқа кәсіпорындағы үлес туралы ақпаратты ашу» (2013 ж. 1 қаңтардан басталатын есептік кезеңге)
ХҚЕС 13 «Әділ құнды бағалау» (2013 ж. 1 қаңтардан басталатын есептік кезеңге)
ХБЕС 19 «Қызметкерлерге сыйақылар беру» (2011 ж. маусым) - Еңбек қызметінің аяқталғаны және тоқтатылғаны бойынша сыйақы төлеу жобасын қайта қарауға қатысты түзетулер (2013 ж. 1 қаңтардан басталатын есептік кезеңге)
ХБЕС 27 «Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілік» - ХБЕС 27 «Жеке қаржылық есептілік» болып қайта шығарылды (2013 ж. 1 қаңтардан басталатын есептік кезеңге)
ХБЕС 28 «Қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар» - ХБЕС 28 «Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар» болып қайта шығарылды (2013 ж. 1 қаңтардан басталатын есептік кезеңге)
ХБЕС 32 «Қаржылық құралдар: ақпарат беру» - қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есеп айырысу бойынша қолданатын нұсқауға түзетулер

2011 ж. мамырда шоғырландыру, бірлескен қызмет, тәуелді кәсіпорындарға салымдар жөніндегі келісімдерді есепке алу, ақпаратты ашу мәселелері қарастырылатын бес стандарт пакеті шығарылды (ХҚЕС 10, ХҚЕС 11, ХҚЕС 12, ХБЕС 27 (2011), және ХБЕС 28 (2012)). Жоғарыда көрсетілген бес стандарт 2013 ж. 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін қолданылуға міндетті. Бес стандарттың барлығын бір мезгілде қолданған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Топ басшылығы бесеуден басқа барлық Стандарттар мен Түсіндірмелер осы стандарттардың әрекет ету күнінен басталатын Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде қабылданады деп күтеді және бұл Стандарттар мен Түсіндірмелер оларды алғашқы қолдану кезеңінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне маңызды әсер етпейді.

## 3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**Ұсыну негізі**

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес жасалған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік кейбір қаржы құралдарын қоспағанда бастапқы құн қағидатының негізінде дайындалған.

**Функционалды валюта және ұсыну валютасы**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Топтың функционалды валютасы және осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін ұсыну валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен («теңге») көрсетілген. Теңгемен берілген барлық сандық көрсеткіштер мыңға (ең жақын) дейін дөңгелектелген.

**Шетелдік валютамен жасалатын операциялар**

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындаған кезде, функционалды (шетел валютасынан) басқа валютада жасалған мәмілелер жасалған күннің бағамы бойынша көрсетіледі. Шетелдік валютамен көрсетілген ақша баптары шоғырландырылған қаржылық есептілік дайындалған күнге тиісті валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютада ескерілген және әділ құнмен бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнды белгілеу күніне әрекет жасайтын айырма бағаммен қайта санауға жатады. Шетелдік валютада көрсетілген, тарихи құны бойынша көрсетілген ақшалай емес баптар қайта есептелмейді.

Валюта бағамының өзгеруіне байланысты пайда болатын ақша баптары бойынша бағамдық айырмашылық пайда болған кезде кіріс пен шығындарда ккрсетіледі, тек келесіні қоспағанда:

- өндірістік мақсатта болашақта қолдану үшін аяқталмаған құрылыс нысандарына жататын шетелдік валютадағы қарыздар бойынша бағамдық айырмалар осындай активтердің құнына шетелдік валютадағы қарыздар бойынша пайыздық шығындарды түзету үшін қосылады;
- жеке валюталық тәуекелдерді сақтандыру мәмілелері бойынша бағамдық айырмалар; және
- Топтың шетелде қызмет жасайтын бөлімшелермен өзара есептесу баптары бойынша, оларды өтеу жоспарланбаған және екіталай (мұндай баптар Топтың шетелдік қызметке таза инвестициялаудың бөлігі), әдепкі өзге бірлескен табыста көрсетілген бағамдық айырмалар ақша баптарын өтеу кезінде меншікті капиталдан пайда мен шығынға сараланады.

**Шоғырландыру қағидаттары**

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және Компаниямен бақыланатын (еншілес кәсіпорындар) кәсіпорындардың (арнайы бағыттағы кәсіпорындарды қосқанда) қаржылық есептіліктері кіреді. Компания басшылығы белгілі бір кәсіпорын қызметінен экономикалық пайда көру мақсатында ұйымның қаржылық және шаруашылық саясатын белгілеу құқығын иеленген жағдайда сол кәсіпорынды бақылайды деп саналады.

Жыл ішінде сатып алынған немесе сатылған еншілес кәсіпорындардың кірістері мен шығындары, нақтылы сатып алынған немесе тиісінше сатудың нақтылы мерзімінен бастап, жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есепке кіреді. Еншілес кәсіпорындардың жалпы жиынтық табысы Компанияның акционерлеріне және бақыланбайтын меншік иелерінің үлесіне (БМҮ), егер тіпті БМҮ бойынша жағымсыз қалдыққа әкелсе де, қатысты болады.

Топ кәсіпорындарының арасындағы барлық мәмілелер, есептесудегі тиісті қалдықтар және Топ ішінде жасалған мәмілелерден жүзеге аспаған пайдалар мен шығындар шоғырландырылған кезде есепке алынбайды.

**Топтың еншілес кәсіпорындарындағы иелену үлестерінің өзгеруі**

Топпен еншілес кәсіпорын үстінен жүргізетін бақылауды жоғалтуға әкелмейтін, еншілес кәсіпорындардағы Топтың қатысу үлесіндегі өзгерістер өз капиталында есептеледі. Еншілес кәсіпорындағы Топтың және БМҮ үлесінің баланстық құны осы үлестердің арақатынастарының өзгеруін ескере отыра түзетіледі. Сомаға қарай түзетілетін БМҮ және төленген немесе алынған сыйақының әділ құны арасындағы кез келген айырмалар бас компания акционерлерінің капиталында көрініс табады.

Егер Топ еншілес кәсіпорынға бақылауын жоғалтса, бақылауды жоғалтуға байланысты пайдалар мен шығындар шоғырландырылған есепте мойындалады және алынған сыйақының әділ құны мен қалған үлестің әділ құны (1) және активтер (гудвиллді қоса) мен міндеттемелердің, сондай-ақ БМҮ баланстық құны (2) арасындағы айырма ретінде есептеледі.

**Қауымдастырылған және бірлесіп бақыланатын ұйымдарға салынған инвестициялар**

Қауымдастырылған және бірлесіп бақыланатын ұйымдарға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады. Егер ұйымда Топтың маңызды әсері бола тұра, олар Топтың не еншілес, не бірлесіп бақыланатын ұйымы болмаса, ұйым қауымдастырылған болады. Бірлесіп бақыланатын ұйым деген шарттық келісім, сол бойынша екі немесе одан көп тараптар бірлесіп бақылауға жататын экономикалық қызмет жасайды. Қауымдастырылған/бірлесіп бақыланатын ұйымдарға инвестициялар сатып алу құны бойынша қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есепте көрсетіледі, сатып алынғаннан кейін қауымдастырылған/бірлесіп бақыланатын ұйымдардың таза активтерінде Топ үлесінің өзгеруі плюс, ал құнсыздануы минус болады. Егер осы ұйымдардың шығындарында Топтың үлесі Топтың иелену үлесінен артып кетсе (ұйымда Топтың таза инвестициясының бөлігін құрайтын ұзақ мерзімді иелену үлесін қосқанда), Топ кейінгі шығындарда өз үлесін мойындауды тоқтатады. Қауымдастырылған/бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайдалары мен шығындарындағы Топтың үлесі Топтың жиынтық табысы жөніндегі шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

**Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар**

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар жинақталған тозу сомасы мен құнсызданудан болған шығындарды қоспағанда бастапқы құны бойынша көрсетіледі. 2006 ж. 31 желтоқсанға дейін алынған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар ХҚЕС-ке өту мерзіміне бастама құны тәуелсіз бағалаушымен көрсетілген күнге әділ құны негізінде көрсетілген. Нақтылы құнға тиісті активті сатып алумен байланысты барлық шығындар кіреді.

Өндірістік немесе әкімшілік мақсаттарда қолдануға арналған аяқталмаған құрылыс нысандары құнсызданудан болатын кез келген шығындарды қоспағанда, құрылыс құны бойынша есептеледі. Құрылыс құнына кәсіби қызмет көрсету құны, сондай-ақ кәсіптеуші активтерге Топтың есептік саясатына сәйкес капиталданатын қарыздар бойынша шығындар кіреді. Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың осындай нысандары құрылыс аяқталу кезіндегі немесе мақсатты игерушілікке дайын кезіндегі жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың тиісті бір категорясына жатады. Осы активтер бойынша өтелімді есептеу, басқа да жылжымайтын нысандар бойынша, активтердің жоспарланған пайдалануына дайын кезінен басталады.

Пайдалы қолданудың болжалды мерзімінің ішінде біркелкі тарату құнын шегергенде жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың (жер телімі мен аяқталмаған құрылыс нысандарын қоспағанда) нақтылы құнын шығару үшін өтелім есептеледі. Пайдалы қолданудың болжалды мерзімі, баланстық құн және өтелімді есептеу әдісі әр есептік мерзімнің соңында талданады, бұл ретте бағаның барлық өзгерістері салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарастырмай шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

| Активтер тобы | Пайдалы қызметтің орташа мерзімі |
|---|---|
| Ғимараттар мен құрылыстар | 8 - 100 жыл |
| Машиналар мен жабдықтар | 3 - 20 жыл |
| Көлік құралдары | 5 - 10 жыл |
| Басқа да активтер | 4 - 20 жыл |

Қаржылық жал шарты бойынша алынған активтер пайдалы қолданудың болжамды мерзімі бойы Топтың меншігінде болатын активтердің тәртібінде тозады. Бірақ жалдау мерзімінің соңында жекеменшік құқығы жалға алушыға беріледі деген дәйекті сенушілік болмаған жағдайда актив екі мерзімнің ең қысқасында толық тозуы керек: жалдау мерзімінде және пайдалы қызмет мерзімінде.

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың нысаны сатылған кезде немесе активті ары қарай пайдаланудан болашақта экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда есептен шығарылады. Сатудан не жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтартың нысандарының іске аспауынан болған табыс немесе шығын сату бағасы мен осы нысандардың баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталады және табыстар мен шығындарда мойындалады.

**Материалды емес активтер**

Материалды емес активтер жиналған өтелім мен құнсызданудан болған шығындарды қоспағанда бастапқы құны бойынша есептеледі. Өтелім 10-20% мөлшерлемесі бойынша осы активтердің пайдалы қызмет көрсетудің болжалды мерзімінде тура әдіспен есептеледі. Пайдалы қызметтің болжалды мезгілі және өтелім есебінің әдісі, болашақты негізде есепке алынатын бағаның кез келген өзгерісін ескере отырып, әр есептік мерзімнің соңында қайта қаралады.

**Инвестициялық жылжымайтын мүлік**

Инвестициялық жылжымайтын мүлік дегеніміз - жалдау ақысын алу үшін пайдаланатын, капиталдың үстелуі немесе сол не өзге жағдайда пайдаланылатын нысандар (соның ішіне салынып жатқан нысандар). Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысандары сатып алуға жұмсалған шығындарды қоса, бастапқы кезде сатып алу құнымен есепке алынады. Бастапқы мойындағаннан кейін, Топ жиналған өтелім мен құнсызданудан болған шығындарды қоспағанда, инвестициялық жылжымайтын мүлікті бастапқы құнымен бағалайды. Инвестициялық жылжымайтын мүлік бойынша тозуды тура әдіспен есептейді.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысаны теңгерімнен немесе пайдаланудан толық шығарылған кезде, егер ендігі олармен байланысты экономикалық пайдалар түспейтін жағдайда, есептен шығарылады. Нысанды есептен шығарғаннан кейін кез келген табыс немесе шығын (шығып қалғаннан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма) мүліктің есептен алыну мерзімінде болған пайда мен шығындарына кіреді.

**Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар және материалдық емес активтердің құнсыздануы**

Топ материалдық және материалдық емес активтердің әрбір есептік күнге баланстық құнының құнсыздану көрсеткіштерінің болуын тексереді. Егер осындай белгілер болған жағдайда құнсызданудан болатын шығынның көлемін анықтау мақсатында (егер болған жағдайда) тиісті активтердің өтелетін құны есептеледі. Өтелетін құн екі мағынанын ең үлкені ретінде белгіленеді: өткізу мен пайдалану құндылығына байланысты шығындарды қоспағанда активтің әділ құны. Пайдалану құндылығын бағалаған кезде ақша қаражатының күтілетін ағымы осы активке тән тәуекелдер мен уақыт ішіндегі ақша құнының ағымдағы нарық бағасын көрсететін салық салуға дейін дисконттау коэффициентін пайдалана отырып ағымдағы құнға дейін дисконтталады, күтілетін ақша ағымына қатысты баға түзетілмейді.

Егер активтің (немесе генерациялаушы бірлігінің) өтелетін құны оның баланстық құнынан төмен болса, осы активтің (немесе генерациялаушы бірліктің) баланстық құны өтелетін құнға дейін азайтылады. Құнсыздықтан болған шығындар пайда мен шығындарда көрсетіледі. Егер құнсыздықтан болған шығындар кейін қалпына келтірілсе, активтің (генерациялаушы бірліктің) баланстық құны өтелетін құнның жаңа баға алу нәтижесінде алынған сомаға дейін, осы актив бойынша (генерациялаушы бірліктің) өткен жылдардағы құнсызданудан болған шығындар көрсетілмесе және соған байланысты анықталған баланстық құны жаңа баланстық құннан аспаса, ұлғайтылады.

**Босалқылар**

Босалқылар сатудың таза құнының және өзіндік құн мәндерінің ең кіші мәні бойынша көрсетіледі. Сатудың таза құны аяқтауға жұмсалған шығындарды және сатуға жұмсалатын бағалау шығындарын шегергенде кәдімгі қызмет барысында босалқыларды сату құнының бағасын білдіреді.

Дайын өнімнің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құны орташа өлшенген құн әдісі бойынша есептеледі де материалдар бойынша және еңбекақысын төлеу бойынша тура берешектерді және босалқыларды ағымдағы жағдайына жеткізу мен орналасқан жеріне жеткізуден болған сол қосымша шығындарды қосады.

**Қаржы құралдарын мойындау**

Топ қаржы активтері мен міндеттемелерді өзінің қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есепке сәйкес келісімде құрал ретінде қатысушы болып тұрғанда ғана таниды. Қаржы активтері мен міндеттемелер операция жасалған күнге есеп қағидасын қолданумен көрсетіледі.

Қаржы активтері мен міндеттемелер алғашында алынған немесе төленген сыйақының әділ құнын білдіретін өзіндік құн бойынша, сәйкес шығындарды алып тастағандағы мәміле жасаумен байланысты шығындарды қоса немесе ала көрсетіледі және кейін әділ құн немесе амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

Әділ құн әдетте ресми нарықтық баға белгіленімдеріне сілтемемен анықталады. Нарықтық баға белгіленімдері қолжетімді болмаған жағдайда әділ құн нарықтық деректерге негізделетін дисконтталған болашақ ақша ағындары сияқты баға бойынша жалпыға ортақ әдістерді пайдалана отырып анықталады.

Амортизацияланған құн тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданумен бағаланады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл күтілетін болашақ қаржы түсімдерін (пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын қарыз құралы бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді, мәмілелерді рәсімдеу бойынша шығындар және басқа да сыйақылар мен дисконттар) қарыз құралын өтегенге дейінгі күтілетін мерзімге (егер қолдануға болса) немесе қарыз құралын есепке қабылдау сәтіне баланстық құнға дейін неғұрлым қысқа мерзімге дисконттау мөлшерлемесі.

***Қаржы активтері***

Қаржы активтері келесі категорияларға жіктеледі: пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер, төлеп болғанға дейін ұсталып тұратын инвестициялар және «қарыздар мен дебиторлық берешек». Жіктеу қаржы құралдарының сипаты мен мақсатына байланысты болады және бастапқы танылу сәтінде анықталады.

*Ақша қаражаттары мен олардың баламалары*

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары банк шоттарындағы қаражаттарды, кассадағы қолма-қол ақшаны, жолдағы ақшаны және төлеудің бастапқы мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды.

*Сауда дебиторлық берешек*

Сауда дебиторлық берешек қаржы жағдайы жөніндегі жеке есепте күмәнды берешек бойынша резервті шегергенде, төлеуге берілген шоттар сомалары бойынша танылады және бухгалтерлік есепте көрсетіледі. Күмәнді берешек бойынша резерв берешектің толық көлемде өтелмеу ықтималдығы бар болған жағдайларда есепке алынады. Күмәнді берешек бойынша резерв кезең кезеңмен қайта қарастырылып отырады және түзету қажеттілігі пайда болған жағдайда тиісті сома осындай қажеттілік табылған есепті кезең шығындарына жатқызылады. Үмітсіз берешек бұрын құрылған резерв есебінен оның айқындалуына қарай шығынға жазылады.

*Қарыздар және басқа да дебиторлық берешек*

Қарыздар және басқа да дебиторлық берешектер белсенді нарықта белгіленбеген тиянақты немесе анықталғыш төлемдері бар туынды емес қаржы активтері ретінде көрсетіледі. Қарыздар және басқа да дебиторлық берешектер, құнсыздануды қоспағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отыра өтелім құны бойынша ескеріледі.
Пайыздық табыс тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы мойындалады, тек қысқа мерзімді дебиторлық берешекті қоспағанда, себебі ол бойынша пайыздық табыс азғантай ғана болады.

*Өзге қаржы активтері*

Өзге қаржы активтері актив нарығында бағасы белгіленбейтін және өтеу мерзімі үш айдан артық тіркелген немесе анықталатын төлемдермен банктердегі депозиттер сияқты өндірістік емес қаржы активтерін білдіреді. Мұндай активтер кез келген құнсыздануды шегерумен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып амортизациялық құн бойынша есепке алынады.

*Қаржы активтерінің құнсыздануы.*

Табыс пен шығындар арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын активтерден басқа қаржы активтері әрбір есептік күнге құнсыздану көрсеткіштеріне бағаланады. Қаржы активі бастапқыда танылғаннан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғаның нәтижесінде: болашақта жорамалданатын инвестиция бойынша ақша қаражаттар қозғалысы өзгеруінің объективті дәлелдері бар болғанда қаржы активтері құнсызданады. Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржы активтері үшін құнсыздану сомасы активтің баланстық құны және бастапқы қолданылған пайыздық мөлшерлемеге дисконтталған қаражаттардың жорамалданатын болашақ қозғалысының ағымдағы құны арасындағы айырмашылықты білдіреді.

Қаржы активінің баланстық құны барлық қаржы активтері бойынша құнсызданудан түскен шығын көлемінде азаяды, сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, күмәнді қарыз бойынша қорларды қолдану арқылы баланстық құн азайтылады.

Егер кейінгі кезеңде құнсызданудан түскен шығын сомасы азайтылса және осы азайту құнсыздануды танудан кейін объективті оқиғаға байланысты болса, онда бұрын құнсызданудан танылған шығын сомасы белгілі бір көлемде сол кезеңдегі табыспен немесе шығынмен қайтарылады, инвестицияның баланстық құны құнсызданудың қайтарылу күніне, егер құнсыздану мойындалмаған болса, амортизациялық құннан аспайтын сомаға тең.

***Қаржылық міндеттемелер және үлескерлік құралдары***

Топтың кәсіпорындарымен шығарылған борышқорлық және үлескерлік құралдары тиісті шарттың егжей-тегжейінен шығатын, сондай-ақ қаржылық міндеттемелер мен үлескерлік құралдар анықтамасынан қаржылық міндеттемелер немесе капитал ретінде жіктеледі.

*Үлескерлік құралдар* – барлық міндеттемелерді алып тастағаннан кейін кәсіпорын активтерінің үлесіне құқығын растайтын кез келген шарт. Топпен шығарылған үлескерлік құралдар шығаруға тура шығындарды қоспағанда түсім көлемінде көрініс табады.
Компанияның өзіндік үлескерлік құралдарын сатып алуы капиталдан тікелей шығарылады. Компанияның өзіндік үлескерлік құралдарын сатып алу, сату, шығару немесе жою нәтижесінде пайда болған табыстар және шығындар пайдалар мен шығыста көрсетілмейді.

*Артықшылықты акциялар* – дивидендтердің белгіленген сомасымен артықшылықты акциялар шарттық келісімнің мәніне сәйкес қиыстырылған қаржылық құрал болып табылады. Осыдан шыға, міндеттемелер мен капиталдың компоненттері қаржылық жағдай жөніндегі шоғырандырылған есепте бөлек берілген. Бастапқы мойындағанда, капиталдың компонентіне әділ құн құралының бастапқы баланстық құнын алып тастағаннан кейін соманың қалдығы беріледі. Бастапқы тану кезіндегі міндеттеме компонентінің әділ құны ұқсас қарыздық құралынан пайыздың нарықтық мөлшері бойынша болжалды ақша ағымын алып тастау жолымен есептеледі. Кейін, міндеттеме компоненті реттелген борыш қағидаты бойынша өлшенеді, ал меншік капиталдың компоненті – жарғылық капиталының қағидаты бойынша.

Қаржылық міндеттемелер шарттық келісімдермен берілген, олар шарттар бойынша міндеттемелер пайда болған кезде көрсетіледі.

*Сауда және басқа да кредиторлық берешек*

Сауда және басқа да кредиторлық берешек алғашқыда әділ құн бойынша бағаланады, кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданумен амортизациялық құн бойынша қайта бағаланады.

*Қарыздар мен тартылған қаражаттар*

Барлық қарыз бен тартылған қаражат бастапқыда қарыз қаражат тартумен байланысты шығындарды ескергенде алынған ақша қаражатының әділ құнын білдіретін құн бойынша есептеледі.

Бастапқы танылғаннан кейін пайыздық қарыздар мен тартылған қаражат тиімді қарыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, өтелетін құны бойынша есептеледі.

Қарыздар бойынша шығындарды қоспағанда, капиталдандырылуға жататын кірістер мен шығындар (мысалы, үшінші тараптардың кепілдіктері бойынша) міндеттемелерді тану доғарылған жағдайда, сондай-ақ өтелімді ескерген кезде жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

*Өзара есепке алулар*

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері өзара есепке алынуы мүмкін және таза сома танылған сомаларды өзара есепке алу жүргізудің заңдық құқығы болғанда, әрі Топта не өзара есепке алулар жүргізу немесе активтерді сату және бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болғанда ғана қаржылық жағдайы жөніндегі шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

*Пайда мен залалдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер*

Пайда мен залалдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері (1) қысқа мерзім ішінде сату басты мақсатымен алынған, (2) басқару бірлескен түрде жүзеге асырылатын және құрылымы қысқа мерзімді келешекте пайда алу ниетін нақты білдіретін сәйкестендірілген қаржы құралдары портфелінің бөлігі болып табылатын немесе (3) бастапқыда Топ пайда мен залалдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері ретінде көрсеткен туынды құралдарды немесе бағалы қағаздарды білдіреді. Пайда мен залалдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер бастапқыда және кейіннен әділ құны бойынша бағаланады. Пайда мен залалдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын түзету жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Топ осы қаржы құралдарын иелену кезеңінде қаржы құралдарын осы санатқа немесе осы санаттан қайта жіктеу жүргізбейді.

*Кіріктірме туынды қаржы құралдары*

Басқа қаржы құралдарына немесе негізгі шарттарға кіріктірме туынды қаржы құралдары олардың сипаттамалары мен тәуекелдері негізгі шарттың сипаттамаларымен және тәуекелдерімен тығыз байланыста болмаса және негізгі шарттар пайда мен залалдар арқылы әділ құны бойынша бағаланбаса, жеке қаржы құралдары ретінде қаралады.

**Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды доғару**

***Қаржы активтері***

Қаржы активін (немесе тиімді болғанда қаржы активінің бөлігін не ұқсас қаржы активтері тобының бөлігін) тану мынадай жағдайларда доғарылады:

- активтен ақша қаражаты ағындарын алу құқығы аяқталғанда;
- Топ активтен ақша қаражаты ағындарын алу құқығын сақтайды, бірақ табыстама келісімге сәйкес оларды үшінші тарапқа елеулі кідіріссіз толығымен төлеуге міндеттеме қабылдаса және негізінен осы актив бойынша барлық тәуекел мен пайданы; немесе
- Топ активтен ақша қаражаты ағындарын алуға өз құқығын берсе және немесе (а) актив бойынша барлық тәуекел мен пайданы негізінен берсе немесе (б) актив бойынша ешқандай тәуекел мен пайданы бермеген де, ұстап қалмаған да бірақ активке бақылауды берген болса.

Егер Топ активтен ақша қаражаты ағындарын алуға өз құқығын бермесе және актив бойынша ешқандай тәуекел мен пайданы бермесе және активке бақылауды бермесе, актив Топ активке қатысуды жалғастырған дәрежеде танылады. Берілген актив бойынша кепілгерлік нысан қабылдаған қатысуды жалғастыру активтің бастапқы баланстық құны мәнінің ең төменгісі және Топтан өтем ретінде талап етілуі мүмкін ең жоғары өтелетін сома бойынша бағаланады.

***Қаржы міндеттемелері***

Қаржы міндеттемесін (немесе қаржы міндеттемесінің бір бөлігін) тану ол өтелген болса, яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалған, жойылған немесе оның мерзімі аяқталғанда тоқтатылады.

**Табысты тану**

Табыстар Топтың белгілі бір экономикалық пайда алу ықтималдығы орын алған мөлшерде танылады және табыстар мейлінше дәл дәрежеде есептеледі немесе бағаланады.

*Тауарларды сату*

Тауарларды сатудан түскен табыс тауардың нақты жеткізілуі және меншік құқығының ауысуы бойынша танылады.

*Қызметтер көрсету*

Қызметтер көрсету шарттары бойынша табыс аяқталу дәрежесін басшылыққа ала отырып танылады.

*Құрылысқа арналған шарттар*

Егер құрылысқа арналған шарттардың қаржы нәтижесі сенімді есептелсе, ақшалай түсім және шығындар есепті кезеңге шарт бойынша жұмыстардың аяқталу дәрежесіне барабар танылады. Аяқталу дәрежесі есепті күнге дейін жұмыстарды орындауға кеткен шығындар үлесі ретінде, бұл үлес жұмыстардың аяқталу дәрежесін көрсетпейтін жағдайларды қоспағанда, шарт бойынша шығындардың жалпы есепті сомасында айқындалады. Орындалған жұмыстар көлемдері, кінәраттар және көтермелеу төлемдері бойынша ауытқулар олар сенімді бағалана алатын және оларды алу мүмкіндігі жоғары деп есептелетін дәрежеде ескеріледі.

**Жалдау**

Өзінің талаптары бойынша меншік құқығынан туындайтын барлық елеулі тәуекелдер мен пайда жалдаушыға өтетін жалдау шарты қаржылық жал ретінде жіктеледі. Барлық өзге де жалдау шартары операциялық жалдау ретінде есептеледі.

***Топ жалға беруші ретінде***

Қаржылық жал шарттары бойынша жалға берушіден алатын сома Топтың таза инвестициясы көлемінде дебиторлық берешек құрамында көрсетіледі. Қаржылық жал бойынша табыс жалдауға Топтың таза инвестициясы бойынша табыстың тұрақты деңгейін қамтамасыз ету үшін есептік мерзімге бөлінеді.

Операциялық жалдаудан түсетін табыс жалдау мерзімінде біркелкі деп алынады. Операциялық жалдау шартының жағдайларын келістіру мен оның рәсімдеуіне байланысты бастапқы шығындар жалға берген активтердің баланстық құнына кіргізіледі және жалдау мерзімі бойы біркелкі шығысқа жатады.

***Топ жалға алушы ретінде***

Қаржылық жал шарты бойынша жалға алынған активтер бастапқы кезде екі мөлшердің ең азы бойынша есепке алынады: жалға алу мерзімінің бастапқы кезінде жалға алынған мүліктің әділ құны және ең төмен жалдау төлемінің дисконттық құны. Жалға беруші алдындағы тиісті міндеттемелер қаржылық жал бойынша міндеттеме ретінде қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Жалдау төлемінің сомасы міндеттеменің қалдығына пайыздың тұрақты мөлшерлемесін алу үшін қаржылық шығындар мен жалдау бойынша міндеттемелердің төмендеу арасында үлестіріледі. Егер қаржылық шығындар жіктелетін активтерге қатысы болмаса, олар пайда мен шығындарда көрсетіледі. Соңғы жағдайда олар қарыздар бойынша шығындарға қатысты Топтың жалпы саясатына сәйкес капиталға айналады (төменде қараңыз). Болашақ оқиғаларға себепші болатын жалдау төлемі шығуға байланысты шығындарға жатады.

Операциялық жалдау бойынша төлемдер жалдау мерзіміндегі шығындарға біркелкі жасалады, тек егер шығыстың басқа үлестіру әдісі жалға алынған активтерден болатын экономикалық пайданы уақытша үлестіруге сәйкес келетін болса. Болатын оқиғалармен шарттасылған операциялық жалдау шарты бойынша жалдау төлемі пайда болуына қарай шығындарға жатқызылды.

Операциялық жалдау шарттарын жасаған кезде алынған ынталандырылған төлемдер міндеттеме ретінде танылады. Мұндай көтермелеудің жалпы сомасы жалдау бойынша шығындарды біркелкі азайтады, тек шығысты үлестіру әдісі жалға алынған активтерден экономикалық пайданың уақытша үлестіруіне нақты сәйкес келеді.

**Мемлекеттік жәрдем ақша**

Егер жәрдем ақшаны алуға қажетті барлық жағдайлар орындалады және жәрдем ақша алынады деген мол сенушілік пайда болған кезде, мемлекеттік жәрдем ақша мойындалады.

Мемлекеттік жәрдем ақша, ұзақ мерзімді активтерді сатып алу, ұйымдастыру немесе басқа да міндеттемелерді Топпен қабылдау негізгі шарт болатын, тиісті активтердің пайдалы қызметінің мерзімінде жүйелі және оңтайлы негізінде пайдалар мен шығындарға жатқызылатын болашақ мерзімнің табысы ретінде қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Келтірілген шығындарды, шығындарды өтеген немесе болашақ шығындармен байланыспайтын қаржылық көмек ретінде берілген мемлекеттік жәрдем ақша оны алуға құқығы туындаған мерзімнің табысына жатады.

Нарықтық мөлшерлемеден төмен мемлекеттік қарыз алудан болатын экономикалық пайдалар қазіргі нарықтық мөлшерлемелер бойынша есептелетін қарыз бойынша түсім мен оның әділ құны арасындағы айырма көлемінде мемлекеттік жәрдем ақша ретінде есепке алынады.

**Қарыздар бойынша шығындар**

Сатып алу, жіктелетін активтің құрылысы немесе өндірісіне тікелей қатысты қарыздар бойынша шығындар, оларды жоспарланған пайдалануға дайындау немесе сату үшін бірталай уақытты қажет етеді, жоспарланған пайдалану мен сатуға дайын болғанға дейін осындай активтердің құнына қосылады.

Жіктелетін активтерге пайдалануды күтетін жеке қарыздардың уақытша инвестицияларынан алынған инвестициялық табыс капиталға ауыстыру үшін жарамды қарыздар бойынша шығындардан есептеліп алынады.

Қарыздар бойынша басқа барлық шығындар пайда болған сайын пайда мен шығындар құрамында танылады.

**Зейнетақы міндеттемелері**

Топ зейнетақы қорына аударымдар ретінде қызметкерлердің жалақысынан 10% көлемінде төлем жасайды, бірақ айына 130,792 теңгеден астам емес (2011 ж.: 119,992 теңгеден астам емес). Зейнетақы қорына салынатын төлемдер қызметкерлердің жалақысынан ұсталады және жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есептегі жалақы және аударым бойынша жалпы шығындарға кіреді.

**Салық салу**

Табыс салығы бойынша шығындар ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтың сомасы болып табылады.

*Ағымдағы салық*

Ағымдағы салықтың сомасы бір жылдың салық салынатын пайдасының көлемі негізінде белгіленеді. Салық салынатын пайда жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есепте көрсетілген салықтан, салық салуға немесе басқа жылдарда салық салу мақсатында есептен алуға жататын табыс немесе шығын баптарына байланысты өзгешелеу болады, сондай-ақ салық салу мақсатындағы немесе мүлде салық салуға келмейтін баптарды қоспайды. Пайдаға ағымдағы салық бойынша міндеттемелер есепті күнге заңнамамен бекітілген салық салу мөлшерлемесін пайдалана отырып есептеледі.

*Кейінге қалдырылған салық*

Кейінге қалдырылған салық шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын табысты есептеу кезінде пайдаланылатын салықтық есепке алудың тиісті деректері арасындағы уақытша айырмашылықтарға қатысты мойындалады. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер әдеттегідей салынатын уақытша айырмашылықтарды есепке ала отырып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтер барлық азайтылатын уақытша айырмашылықтарды есепке ала отырып осы уақытша айырмашылықтарды пайдалану үшін болашақта салық салынатын баланстық табыс болуының жоғары ықтималдығы жағдайында көрсетіледі. Салықтық активтер мен міндеттемелер егер уақытша айырмашылықтар гудвиллмен байланысты болса немесе басқа активтер мен міндеттемелерді салық салынатын да, бухгалтерлік те табысқа әсер етпейтін мәмілелер (бизнесті біріктіру бойынша мәмілелерден басқа) шеңберінде алғашқы мойындау нәтижесінде пайда болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық еншілес кәсіпорындарға, қауымдастырылған кәсіпорындарға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысты салық салынатын уақытша айырмаларды ескере отырып, тек егер Топ уақытша айырмаларды қалпына келтіру мерзімін бақылай алатын мүмкіндігі болса және көз жетерлік болашақта осы айырма қайтарылмайды деген мүмкіндік туындау жағдайының болуын қоспағанда. Еншілес кәсіпорындар, қауымдастырылған кәсіпорындар, бірлескен қызметтер бойынша кейінге қалдырылған салық активтері есепке алынбайтын уақытша айырмаларды пайдалануға жеткілікті салық салынатын пайданы болашақта алуға мүмкіндік жоғары болған жағдайда және көз жетерлік болашақта олардың қолдануын тосу кезінде мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есеп күніне бағаланып, мерзімі ұзартылған активтің барлығы немесе бір бөлігі қолданылуы мүмкін жеткілікті салық салынатын пайда алынады деген болжам болмайтын дәрежеде азаяды.

Табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге заңнамамен бекітілген немесе іс жүзінде бекітілген салық салу мөлшерлемесін (сондай-ақ салық заңнамасының ережесін) пайдалана отырып есептеледі және болжалғандай салық активінің сатылу немесе міндеттеменің өтелу мерзімінде әрекет жасайды. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін бағалау Топтың (есептік күнгі жағдай бойынша) активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеу немесе төлеу тәсіліне қатысты салық салдарын көрсетеді.

*Бір жылғы ағымдағы және кейінге қалдырылған салық*

Ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар табыстар мен шығындарда мойындалады, тек басқа да жиынтық табыс немесе өз капиталының құрамына тура қатысты жағдайларды есепке алмағанда, табыс пен шығын жөніндегі есепте шығындар немесе үнемдеу ретінде көрсетіледі. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар басқа да жиынтық табыста немесе тиісінше капиталға тура мойындалады. Егер бизнестерді біріктіру бойынша мәмілелерді бастапқы есепке алу нәтижесінде ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар пайда болса, салық әсері осы мәмілелерді есепке алу кезінде көрсетіледі.

**Резервтер**

Егер Топта өткен оқиғалар нәтижесінде міндеттемелер (заңдық немесе іскери айналым нормасымен уағдаласылған) пайда болса және бұл міндеттемелерді Топпен өтеудің жоғары мүмкіндігі туындаса және мұндай міндеттемелердің көлемі бағаланса, алдағы шығындардың резерві есепте көрсетіледі.

Есепте көрініс тапқан алдағы шығындар резервінің көлемі осы міндеттерге тән тәукелдер мен белгісіздіктерді ескеріп, міндеттерді өтеуге қажетті, есепті күнге белгіленген соманың ең жағымды бағасы ретінде табылады. Егер алдағы шығындардың резерв көлемі міндеттерді өтеу бойынша болжалды ақша ағымының негізінде есептелсе, онда алдағы шығындардың резерві осындай ақша ағымының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер уақыт ішінде ақша құнының әсері маңызды болса).

Егер міндеттемелерді өтеуге қажетті төлем жартылай не толық үшінші тараппен төленсе, өтелім алынатын және осы дебиторлық берешектің сомасын сенімділікпен бағалау үшін мүмкіндік болатынына толық сенімділік болған жағдайда тиісті дебиторлық берешек актив ретінде көрсетіледі.

## 4. МАҢЫЗДЫ ЖОРАМАЛДАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУДАҒЫ ЕКІҰШТЫЛЫҚТЫҢ КӨЗДЕРІ

ХҚЕС-ке сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау активтер мен міндеттемелердің есептелген сомасына әсер ететін және шоғырландырылған қаржылық есептілікке қол қойылған күніне әлеуетті активтер мен міндеттемелер туралы ақпаратты ашу және есепті мерзім ішінде табыс пен шығыстың есептелген сомасы, Топ басшылығымен пікір дайындау мен субъективті бағаларды және жорамалдарды пайдалануды көздейді. Бұл бағалар тарихи білімге және елеулі факторларға негізделетініне қарамастан, оқиғалар немесе іс-әрекеттер нақты нәтижелері бағаланатын ерекшеленетіндей түрде қалыптастырылуы мүмкін.

Келесі қаржылық жылда активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын материалды түзетуде елеулі тәуекелдер болатын есепті күнге екіұштылықты бағалаудың болашақтағы және басқа да негізгі деректері бойынша негізгі жорамалдар төменде қарастырылады:

**Артықшылықты акциялардың қарыздық компонентін мойындау және бағалау**

Топтың артықшылықты акцияларының қарыздық компонентіне қатысты есептік саясатты қолдану үдерісінде басшылық артықшылықты акциялардың жағдайына өз бағаларын берді және Топтың артықшылықты акцияларын ХБЕС 32 «Қаржы құралдары: ұсыну» (қайта қаралған) талаптарына сәйкес құрамдастырылған құрал ретінде санауын белгіледі, себебі инвесторларға дивидендтерді төлеу міндеттемелері бар. Стандарт бойынша осындай құрамдастырылған құралдың шығуынан кірген табыс осындай құралдың әр бөлігінің басыңқы құқығында негізделген капитал немесе міндеттемелер ретінде жіктелді: дивидендті төлеу жөніндегі шартты міндеттемелер капитал ретінде акционерлер арасында тұжырымды үлестіруге қатысу құқығы мен міндеттеме ретінде жіктеледі.

**Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызметінің мерзімі**

Топ жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызметінің мерзімін әр жылдық есептік мезгілдің соңында қарастырады. Активтің пайдалы қолдану мерзімін бағалау мынадай факторларға байланысты: экономикалық пайдалану, жөндеу мен қызмет көрсету бағдарламалары, технологиялық жақсарту мен басқа да іскери жағдайлар. Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызметінің мерзімін басшылықпен бағалауы осы шоғырландырылған қаржылық есептілік күніне бар болатын тиісті ақпаратты көрсетеді.

**Кепілдік міндеттеме**

Берілген кепілдіктің резерві тиісті тауарлар мен қызметтерді сату кезінде мойындалады. Мұндай резервтің шамасы өткен мерзімде жиналған тарихи деректерге сүйене отырып, әрқайсысының болу мүмкіндігі коэффициенттері бойынша барлық болатын шығындарды өлшей отырып есептеледі.

**Активтердің құнсыздануы**

Топ әрбір есептік күнге материалдық және материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздану белгілерінің болуын тексереді. Актив белгілерінің болуын анықтау келесі көптеген факторлардың санымен негізделеді: күтілетін өсім, болжалды ақша ағындары, болашақта қаржыландырудың қол жетімділігін өзгерту; технологиялық ескіру, қызмет көрсетуді тоқтату, ауыстыруға байланысты ағымдағы шығындар және құнсызданудың болуын көрсететін жағдайлардың басқа да өзгеруі.

Егер мұндай белгілер болған жағдайда, активтердің өтелетін құны бағаланады және активтердің баланстық құнымен салыстырылады. Егер баланстық құн активтердің өтелетін құнынан асып түссе, құнсыздану мойындалады. Өтелетін құн екі мағынаның ең үлкені ретінде белгіленеді: өткізуге байланысты шығындарды қоспағанда активтердің әділ құны және пайдалану құны. Пайдалану құнын бағалаған кезде ақша қаражатының есептелген болашақ ағыны, салық салғанға дейінгі дисконттың мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады және басшылардың ойынша, активтерге қатысты тәуекелдер мен ақшаның уақытша құны ағымдағы нарық бағасын көрсетеді. Бағаланатын өтелім құнындағы өзгерістер құнсыздыққа немесе болашақ кезеңде оның қайта қалпына келуіне әкелу мүмкін.

**Босалқыларды бағалау**

Босалқылар екі мөлшердің ең азымен өлшенеді: өзіндік құны немесе өткізудің таза құны бойынша. Топ өтімсіз және аз қолданылатын босалқылардың құнын өткізудің таза құнына дейін азайта отырып, тиісті резервті көрсетеді. Осындай босалқылар шығуынан түскен өткізудің нақты сомасы өткізудің таза құнынан өзгеше болуы мүмкін; осындай кез келген айырма болашақтағы операциялық нәтижелерге маңызды әсер етуі мүмкін.

**Салық салу**

Түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрдайым түсінікті болмайды. Жергілікті, аймақты және республикалық салық органдарының арасында көзқарастың біркелкі болмауы мүмкін. Бұл ретте, салық органдары қосымша салықты есептеген кезде, бар айыппұл мен өсімпұлдың көлемі айтарлықтай мөлшерде белгіленген; айппұл мөлшері қайта салынған салық сомасынан 50% құрайды және өсімпұлдың мөлшері уақытында төленбеген салық сомасынан 22.5% құрайды. Нәтижесінде, айыппұлдар мен өсімпұлдар қайта саналған салықтың сомасынан артады.

Жоғарыда көрсетілген екіұштылыққа байланысты салықтардың, айыппұл санкциясының және өсімпұлдың әлеуетті сомасы, егер ондайлар қайта саналса, қазіргі кезеңдегі шығындарға жатқызылған және 2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген сомасынан асып кетуі әбден мүмкін. Бағалар мен нақты төленген сомалар арасындағы айырым, егер ондайлар пайда болса, алдыңғы мерзімдегі Топтың пайдасына маңызды әсер етуі мүмкін.

**Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қаржылық міндеттеме**

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша қаржылық міндеттеме бастапқыда есепке алынады және соңында мынадай нарықтық деректерді қолдана отыра әділ құны бойынша бағаланады: валютаның форвардты бағамы және дисконттаудың тәуекелсіз мөлшерлемесі.

## 5. СЕГМЕНТ БОЙЫНША АҚПАРАТ

Топтың, операциялық қызметі бойынша шешім қабылдауға жауапты басшылығына беретін ақпарат, ресурстарды бөлу және сегменттер бойынша нәтижелерді бағалау мақсатында, сатылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің түріне; арнайы өнімдер мен қос түрлі өнімдермен байланысты операцияларға, жай халыққа арналған өнімдер мен қызмет көрсетуге байланысты болады. Топтың есепті сегметін алу үшін оның ешбір операциялық сегменттері біріктірілген емес, тек алды-алдына есепті деңгейден аспайтын өзге өнімдер мен қызметтерді қоспағанда.

Атап айтқанда, Топтың есепті сегменттері келесідей берілген:

- Арнаулы өнімдер және қосарлы мақсаттағы өнімдер
- Жай халыққа арналған өнім
- Сервистік қызмет көрсету (инжиниринг)

Есепті сегменттер саясатының қағидаты 3 Ескетуде көрсетілген Топтың есептік саясатының қағидаттарынан айырмашылығы жоқ. Топтың басшылығы тек тауарларды және қызметтерді сатудан болған кірістерді сегмент аясында талдайды. Бұл көрсеткіш операциялық қызметі бойынша шешім қабылдауға жауапты басшылыққа, ресурстарды бөлу мен сегменттер бойынша нәтижелерді бағалау мақсатында ұсынылады.

Негізгі өнімдер мен қызметтер бойынша Топ түсімін талдау келесідей берілген:

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Арнаулы өнімдер және қосарлы мақсаттағы өнімдер | 28,129,393 | 16,923,263 |
| Жай халыққа арналған өнім | 14,243,378 | 12,044,868 |
| Сервистік қызмет көрсету (инжиниринг) | 9,780,843 | 4,655,063 |
| | 52,153,614 | 33,623,194 |

Топ өз қызметін Қазақстанда жүргізеді.

Елдер бойынша топтың сыртқы сатып алушыларға сату қызметінен түсетін түсімі төменде көрсетілген:

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Қазақстан | 48,627,926 | 31,139,285 |
| ТМД елдері | 2,818,855 | 1,903,923 |
| Басқа | 706,833 | 579,986 |
| | 52,153,614 | 33,623,194 |

## 6. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАБДЫҚТАР

| | Жер | Ғимарат және құрылыс | Көліктер, жабдықтар және машиналар | Басқа активтер | Аяқталмаған құрылыс | Жиынтығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы немесе шығыс құны:** | | | | | | |
| 2011 ж. 1 қаңтарына | 194,232 | 4,864,644 | 5,122,819 | 408,060 | 167,548 | 10,757,303 |
| Түсім | 5,500 | 125,930 | 487,441 | 84,505 | 14,257 | 717,633 |
| Шығу | (27,885) | (232,434) | (90,962) | (9,204) | (7,602) | (368,087) |
| Сатуға арналған активтерге ауыстыру | - | (62,044) | (5,006) | - | - | (67,050) |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстыру | - | (119,463) | - | - | - | (119,463) |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | 171,847 | 4,576,633 | 5,514,292 | 483,361 | 174,203 | 10,920,336 |
| Түсім | 39,957 | 196,601 | 735,462 | 177,015 | 1,163,512 | 2,312,547 |
| Шығу | - | - | 1,214,166 | - | - | 1,214,166 |
| Қаржылық жал бойынша түсім | - | - | (15,846) | - | - | (15,846) |
| Еншілес кәсіпорын бойынша бақылауды жоғалту | - | 18,507 | 48,001 | - | 6,205 | 72,713 |
| Босалқылар қорынан ауыстыру | - | 305,037 | (375) | - | (304,662) | - |
| Ішкі ауысым | (16,529) | (75,769) | (92,122) | (24,098) | - | (208,518) |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | 195,275 | 5,021,009 | 7,403,578 | 636,278 | 1,039,258 | 14,295,398 |
| **Жинақталған тозу және құнсыздану:** | | | | | | |
| 2011 ж. 1 қаңтарына | - | (1,002,666) | (1,971,457) | (137,377) | - | (3,111,500) |
| Жыл бойынша есептелген тозу | - | (122,339) | (451,544) | (45,978) | - | (619,861) |
| Жыл бойынша есептелген құнсыздану | - | - | (24,925) | - | - | (24,925) |
| Еншілес кәсіпорын бойынша бақылауды жоғалту | - | - | 8,543 | - | - | 8,543 |
| Шығу | - | 25,150 | 30,105 | 5,855 | - | 61,110 |
| Сатуға арналған активтерге ауыстыру | - | 8,110 | 1,022 | - | - | 9,132 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстыру | - | 55,949 | - | - | - | 55,949 |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | - | (1,035,796) | (2,408,256) | (177,500) | - | (3,621,552) |
| Мерзім бойынша есептелген тозу | - | (119,831) | (440,325) | (66,894) | - | (627,050) |
| Шығу | - | 20,553 | 71,696 | 7,113 | - | 99,362 |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | - | (1,135,074) | (2,776,885) | (237,281) | - | (4,149,240) |
| **Баланстық құны:** | | | | | | |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | 195,275 | 3,885,935 | 4,626,693 | 398,997 | 1,039,258 | 10,146,158 |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | 171,847 | 3,540,837 | 3,106,036 | 305,861 | 174,203 | 7,298,784 |

2012 ж. 31 желтоқсанына аяқталмаған құрылысқа 821,322 мың теңге сомасына «Семей Инжиринг» АҚ еншілес кәсіпорын цехтарының өндірістік ғимараттары мен қоймаларына күрделі жөндеу жұмыстары бойынша және 209,231 мың теңге сомасына «Тыныс» АҚ еншілес кәсіпорынына «Газдалған үлгілерін құю өндірісін игеру» жобасы бойынша шығындар кіреді (2011 ж. 31 желтоқсан: 165,578 мың теңге сомасына «Орал зауыты «Зенит» АҚ еншілес кәсіпорнындағы өндірістік ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу бойынша шыққан шығын).

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны 1,708,249 мың теңге және тиісінше 2,449,376 мың теңгеге тең жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар Топпен алынған қарыздардың қамтамасыз етілуі ретінде кепілдікте болған (19 Ескерту).

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық тозған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құны 621,358 мың теңгені және тиісінше 291,135 мың теңгені құрады.

2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жал бойынша алынған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың баланстық құны 1,660,059 мың теңгені құрады (2011 ж. 31 желтоқсаны: 487,418 мың теңге). Бұл құрыл-жабдық қаржылық жал бойынша міндеттемелердің кепілдігі болып табылады.

## 7. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

| | **Бағдарлама-лық жасақтама** | **Өзге де** | **Жиынтығы** |
|---|---|---|---|
| **Бастапқы немесе алғашқы құны:** | | | |
| 2011 ж. 1 қаңтарына | 140,741 | 27,285 | 168,026 |
| Түсім | 5,447 | 76,182 | 81,629 |
| Шығу | (21) | (35) | (56) |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | 146,167 | 103,432 | 249,599 |
| Түсім | 103,443 | 3,698 | 107,141 |
| Шығу | (182) | (36,245) | (36,427) |
| Еншілес кәсіпорын бойынша бақылауды жоғалту | (76) | - | (76) |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | 249,352 | 70,885 | 320,237 |
| **Жинақталған тозу және құнсыздану:** | | | |
| 2011 ж. 1 қаңтарына | (49,827) | (17,080) | (66,907) |
| Жыл бойынша есептелген тозу | (12,230) | (5,693) | (17,923) |
| Шығу | - | 10 | 10 |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | (62,057) | (22,763) | (84,820) |
| Жыл бойынша есептелген тозу | (11,992) | (11,291) | (23,283) |
| Шығу | 172 | - | 172 |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | (73,877) | (34,054) | (107,931) |
| **Баланстық құны:** | | | |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | 175,475 | 36,831 | 212,306 |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | 84,110 | 80,669 | 164,779 |

## 8. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН БАҚЫЛАУДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

| Атауы | 2011 ж. 31 желтоқсанына ағымдағы құны | Сатып алынған/ (алынған дивидендтер) | Пайдадағы/ (залалдағы) үлес | 2012 ж. 31 желтоқсанына ағымдағы құны |
|---|---|---|---|---|
| ***Қауымдастырылған*** | | | | |
| «ЗИКСТО» АҚ | 844,685 | (71,664) | (73,008) | 700,013 |
| «МБМ-Кировец» ЖШС | 354,560 | (2,000) | 3,016 | 355,576 |
| «КАМАЗ-Инжиниринг» АҚ | 304,142 | (14,164) | 24,690 | 314,668 |
| «Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС | 119,474 | (182) | (10,681) | 108,611 |
| «Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС | 15,547 | - | (408) | 15,139 |
| «Ұлан» ААҚ | 17,809 | - | - | 17,809 |
| «Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС | - | 995 | (995) | - |
| ***Бірлесіп бақыланатын*** | | | | |
| «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС | 1,615,026 | (232,406) | 1,069,389 | 2,452,009 |
| «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС | 220,406 | - | (19,111) | 201,295 |
| «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС | 24,630 | 72,991 | 4,335 | 101,956 |
| | 3,516,279 | (246,430) | 997,227 | 4,267,076 |

| Атауы | 2011 ж. 1 қаңтарына ағымдағы құны | Сатып алынған/ (алынған дивидендтер) | Пайдадағы/ (залалдағы) үлес | 2011 ж. 31 желтоқсанына ағымдағы құны |
|---|---|---|---|---|
| ***Қауымдастырылған*** | | | | |
| «ЗИКСТО» АҚ | 725,399 | (59,757) | 179,043 | 844,685 |
| «МБМ-Кировец» ЖШС | 341,764 | 1,221 | 11,575 | 354,560 |
| «КАМАЗ-Инжиниринг» АҚ | 228,427 | (5,575) | 81,290 | 304,142 |
| «Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС | - | 124,460 | (4,986) | 119,474 |
| «Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС | 17,152 | - | (1,605) | 15,547 |
| «Ұлан» ААҚ | 7,624 | - | 10,185 | 17,809 |
| ***Бірлесіп бақыланатын*** | | | | |
| «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС | - | 1,150,214 | 464,812 | 1,615,026 |
| «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС | 212,387 | - | 8,019 | 220,406 |
| «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС | - | 45,436 | (20,806) | 24,630 |
| | 1,532,753 | 1,255,999 | 727,527 | 3,516,279 |

Топтың қауымдастырылған және бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар келесідей көрсетілген:

| Кәсіпорынның атауы | Негізгі қызметі | 2012 ж. 31 желтоқсан Иелену үлесі, % | 2011 ж. 31 желтоқсан Иелену үлесі, % |
|---|---|---|---|
| ***Қауымдастырылған*** | | | |
| «ЗИКСТО» АҚ | Жүк таситын темір жол вагондарын жөндеу, элементтерін ауыстырып дөңгелек жұбын жөндеу | 42% | 42% |
| «Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС | Инвестициялық холдингтік қызмет және қорғаныс, инжиниринг қызметтерін көрсету | 49% | 49% |
| «КАМАЗ-Семей» ЖШС | Коммерциялық қызмет | 49% | 49% |
| «КАМАЗ- Инжиниринг» АҚ | Автобустарды, автокөліктерді, арнайы техникалар мен оларға қосалқы бөлшектерді өндіру және өткізу | 25% | 24% |
| «Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС | Радиолокациялық станцияларды, радиоэлектронды күрес және радиоэлектронды барлау жүйелерін өндіру | 49% | 49% |
| «Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС | Топ кәсіпорны шығаратын өнімдерді іске асыру, инвестицияларды тарту, жабдықтарды жеткізу бойынша мемлекеттік бағдарламалар мен тендерлерге қатысу | 49% | 100% |
| ***Бірлесіп бақыланатын*** | | | |
| «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС | Электронды жабдықтарды, жүйелерді, бағдарламалық жасақтамаларды әзірлеу, жасау, сату және сонымен байланысты қызметтерді көрсету; радио- және коммуникациялық жабдықтарды жасау, сату және техникалық қызмет көрсету | 50% | 50% |
| «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС | Электрондық-оптикалық құралдарды өндіру | 50% | 50% |
| «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС | Тікұшақтарды өндіру және техникалық қызмет көрсету | 50% | 50% |

2012 ж. 11 қазанында Компания «Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС еншілес кәсіпорнындағы 51% қатысу үлесін сатты, соның нәтижесінде қалған үлесін қауымдастырылған кәсіпорынға салынған инвестиция ретінде есептеді (34 Ескерту).

2012 ж. ішінде Компания «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС инвестиция ретінде берген қарыз бойынша 72,991 мың теңге сомасын әділ құнға дейін түзетуді мойындады (2011 ж.: «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС - 13,045 мың теңге және «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС - 267 мың теңге) (14 Ескерту).

## 9. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар үшін жеткізушілерге берілген алдын-ала төлемдер | 921,130 | 240,249 |
| Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек | 157,638 | 157,638 |
| Күрделі жөндеу және ұзақ мерзімді активтерді салуға арналған босалқылар | 63,503 | 69,545 |
| Қызметкерлерге қарыз беру | 18,505 | 22,979 |
| Басқа да ұзақ мерзімді дебиторлық берешек | 60,097 | 9,479 |
| Күмәнді қарыздар бойынша резервті қоспағанда | (157,638) | (157,638) |
| | 1,063,235 | 342,252 |

2011 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар үшін жеткізушілерге төленетін алдын-ала төлемге, жабдықты каржылық жалға алу шартына сәйкес, 223,852 мың теңге сомасына «БРК-Лизинг» АҚ-ға берілген алдын-ала төлем де кіреді (37 Ескерту). 2012 ж. ішінде жабдық жеткізілді де, Топ осы алдын-ала төлемдерді каржылық жалға алу бойынша міндеттемелерге есеп айыру жасады.

## 10. БОСАЛҚЫЛАР

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Аяқталмаған өндіріс | 3,499,630 | 3,305,142 |
| Шикізат және материалдар | 5,077,604 | 2,266,930 |
| Дайын өнім | 2,101,415 | 2,142,640 |
| Қайта сату үшін тауарлар | 420,635 | 490,156 |
| Басқалары | 96,163 | 357,343 |
| Өтелмейтін босалқылар бойынша резервті қоспағанда | (308,201) | (364,247) |
| | 10,887,246 | 8,197,964 |

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдарда өтелмейтін босалқылар бойынша резервтер ішіндегі қозғалыс келесідей көрсетілген:

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Өтелмейтін босалқылар бойынша резерв, жыл басына | (364,247) | (321,542) |
| Жыл іші бойынша қайта алынған/(есептелген) | 56,046 | (56,078) |
| Алдында жасалған резерв есебінен шығарылған | - | 13,373 |
| Өтелмейтін босалқылар бойынша резерв, жыл аяғына | (308,201) | (364,247) |

## 11. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі | 1,113,795 | 579,638 |
| Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі (37 Ескерту) | 748,796 | 623,836 |
| Күмәнді қарыз бойынша резервті қоспағанда | (45,542) | (44,132) |
| | 1,817,049 | 1,159,342 |

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдарда күмәнді берешек бойынша резерв ішіндегі қозғалыс келесідей көрсетілген:

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Күмәнді қарыз бойынша резерв, жыл басына | (44,132) | (36,318) |
| Жыл іші бойынша есептелген | (1,616) | (8,171) |
| Алдында жасалған резерв есебінен шығарылған | 206 | 357 |
| Күмәнді қарыз бойынша резерв, жыл аяғына | (45,542) | (44,132) |

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, күмәнді қарыз бойынша резервті қоспағанда, сауда дебиторлық берешек келесі валюталармен көрсетілген:

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Теңге | 1,806,440 | 1,158,227 |
| АҚШ доллары | - | 827 |
| Ресей рублі | 10,609 | 288 |
| | 1,817,049 | 1,159,342 |

## 12. ӨТЕЛЕТІН БАСҚА ДА САЛЫҚТАР

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Қосылған құнға салық | 604,010 | 545,457 |
| Өтелетін басқа да салықтар | 37,495 | 12,101 |
| | 641,505 | 557,558 |

## 13. ПАЙДАЛАНУЫ ШЕКТЕЛГЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Банк кепілі | 87,062 | 82,391 |
| | 87,062 | 82,391 |

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдалануы шектелген ақша қаражаттарына, толымдайтын бұйымдарды жаңғырту келісімшартын орындауда кепілдік ретінде «БТА Банк» АҚ арнайы шотындағы ақша қаражаттары кіреді. Келісімшарттың орындалу мерзімі - 2013 ж. 25 мамыр.

## 14. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Үшінші тараптарға берілген қысқа мерзімді алдын-ала төлемдер | 3,492,561 | 1,699,598 |
| Байланысты тараптарға берілген қысқа мерзімді алдын-ала төлемдер | 20,806 | 12,984 |
| Болашақ мерзімдегі шығындар | 97,140 | 34,458 |
| Қызметкерлердің дебиторлық берешегі | 34,209 | 17,893 |
| Алынатын дивиденттер (37 Ескерту) | 71,592 | - |
| Пайызсыз қарыздар (37 Ескерту) | 2,200,000 | 50,000 |
| Шарттарды орындауды қамтамасыз етуге берілген кепілдіктер | - | 284,562 |
| Үшінші тұлғалардың басқа да қысқа мерзімді дебиторлық берешегі | 463,939 | 195,965 |
| Қысқа мерзімді инвестициялар | - | 1,800 |
| Әділ құнына дейін түзетуді қоспағанда (37 Ескерту) | (31,810) | (5,418) |
| | (52,203) | (23,332) |
| | 6,296,234 | 2,268,510 |

2011 ж. қазан айында Топ бірлесіп бақылайтын компания «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС-на өтелім мерзімі 2011 ж. 30 қарашасы мен 2012 ж. 31 желтоқсанына дейін 250,000 мың теңге және 50,000 мың теңге сомасына пайызсыз қарыз берді. Топ бұл қарыздарды өтемпұл құны бойынша нарықтық пайыз мөлшерлемесін жылдық 11.5% көлемінде қарыз берген күнге бағалады және 13,045 мың теңге сомасына қауымдастырылған кәсіпорынға инвестиция құрамында әділ құнға дейін түзетуді көрсетті. Сондай-ақ, 2011ж. ішінде Топ 7,627 мың теңге сомасына қаржы кірістің құрамындағы дисконттың амортизациясын мойындады (31 Ескерту). 250,000 мың теңге сомасына қарыз 2011 ж. желтоқсан айында, ал 50,000 мың теңге сомасына қарыз 2012 ж. желтоқсан айында төленді. 2012 ж. ішінде Топ 5,418 мың теңге сомасына қаржы кірістің құрамындағы дисконттың амортизациясын мойындады (31 Ескерту).

Сондай-ақ, 2011 ж. наурызында Топ бірлесіп бақыланатын «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС компаниясына төлем мерзімі 2011 ж. 1 шілдесіне дейін 7,000 мың теңге сомасына пайызсыз қарыз берді. Топ бұл қарыздарды өтемпұл құны бойынша нарықтық пайыз мөлшерлемесін жылдық 13.1% көлемінде қарыз берген күнге бағалады және 267 мың теңге сомасына қауымдастырылған кәсіпорынға инвестиция құрамында әділ құнға дейін түзетуді көрсетті. 2011 ж. бұл қарыз толық төленді және Топ 267 мың теңге сомасына қаржы кірістің құрамындағы дисконттың амортизациясын өтемпұлын мойындады (31 Ескерту).

2012 ж. Топ бірлесіп бақыланатын «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС компаниясына төлем мерзімі 2013 ж. 31 наурызына дейін, жалпы сомасы 2,200,000 мың теңгені құрайтын пайызсыз қарыз берді. Топ бұл қарыздарды өтемпұл құны бойынша нарықтық пайыз мөлшерлемесін жылдық 7% көлемінде қарыз берген күнге бағалады және 72,991 мың теңге сомасына қауымдастырылған кәсіпорынға инвестиция құрамында әділ құнға дейін түзетуді көрсетті. Сондай-ақ, 2012 ж. ішінде Топ 41,181 мың теңге сомасына қаржы кірістің құрамындағы дисконттың амортизациясын мойындады (31 Ескерту).

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға күмәнді берешек бойынша резерв ішіндегі қозғалыс келесідей көрсетілген:

| | **2012 ж.** | **2011 ж.** |
|---|---|---|
| Күмәнді қарыз бойынша резерв, жыл басына | (23,332) | (69,807) |
| Жыл іші бойынша (есептелген)/қайта алынған | (31,320) | 46,475 |
| Алдында жасалған резерв есебінен шығарылған | 2,449 | - |
| Күмәнді қарыз бойынша резерв, жыл аяғына | (52,203) | (23,332) |

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа ағымдағы активтер теңгемен көрсетілді.

## 15. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| | **2012 ж. 31 желтоқсан** | **2011 ж. 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Банк шоттарындағы ақша, теңгеде | 9,106,226 | 3,350,186 |
| Қысқа мерзімді депозиттер | 924,505 | 81,005 |
| Кассадағы ақша, теңгеде | 15,290 | 31,593 |
| Банк шоттарындағы ақша, валютада | 66,266 | 15,797 |
| Арнайы шоттағы ақша қаражаты, теңгеде | - | 5,089 |
| Жолдағы ақша қаражаты, теңгеде | 2,348 | 2,004 |
| Барлығы | 10,114,635 | 3,485,674 |

Топ бастапқы өтеу мерзімі 1-3 айды құрайтын және жылдық пайыздық мөлшерлемесі 3,8%-6% құрайтын қысқа мерзімді депозиттерге ақша қаражаттарын орналастырды (2011ж.: 4%- 5%).

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары келесі валюталарда көрсетілген:

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Теңге | 10,043,419 | 3,469,877 |
| АҚШ доллары | 419 | - |
| Еуро | - | 445 |
| Ресей рублі | 64,043 | 15,352 |
| Басқа да валюта | 6,754 | - |
| | 10,114,635 | 3,485,674 |

## 16. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған, шығарылған және толығымен төленген жарғылық капиталы кесімді құны 1,000 теңгеден тұратын 12,101,802 көлеміндегі жай акциялардан тұрады.

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның 100% акциясын «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ иеленеді.

2012 ж. Компания 2010-2011 жж. үшін бақылау жасайтын акционерге 48,352 мың теңге және 644,853 мың теңге көлемінде дивидендтер төлеу жөнінде хабарлады.

2011 ж. Компания 2007-2008 жж. үшін бақылау жасайтын акционерге дивидендтер төлеу жөнінде хабарлады: 2012 ж. ішінде 50,000 мың теңге, 2013 ж. - 66,000 мың теңге төленуі қажет.

## 17. ҚОСЫМША ТӨЛЕНГЕН КАПИТАЛ

2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қосымша төленген капитал 743,301 мың теңге мен тиісінше 522,835 мың теңгені құрады. Қосымша төленген капиталға келесілер кіреді:

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің ММ жарғылық капиталына үлес ретінде салынған акциялар құны мен 428,612 мың теңге сомасына Компания жарғылық капиталының арасындағы айырма (2011 ж.: 428,612 мың теңге);
- кейінге қалдырылған салық әсерін ескере отырып, Акционерден 314,689 мың теңге сомасында алынған пайызсыз қаржы көмегінің әділ құнына дейінгі түзету (2011 ж.: 94,223 мың теңге) (19 Ескерту).

## 18. БАҚЫЛАНБАЙТЫН МЕНШІК ИЕЛЕРІНІҢ ҮЛЕСІ

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| 1 қаңтарына | 573,174 | 458,597 |
| Бақыланбайтын үлеске жататын, жыл ішіндегі пайда мен жиынтық кірістің барлығы | 36,249 | 114,577 |
| Дивидендтер | (48,040) | - |
| 31 желтоқсанына | 561,383 | 573,174 |

2012 ж. ішінде еншілес кәсіпорын «Мұнаймаш» АҚ 2011 жылға дивидендтерді хабарлады. Бақыланбайтын үлестерге дивидендтер сомасы 48,040 мың теңгені құрады (2011 ж.: нөл).

## 19. ҚАРЫЗДАР

| | Өтілім мерзімі | Пайыздық мөлшерлеме | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| ***Қамтамасыз етілген қарыздар*** | | | | |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ | 2016 ж.қараша | 8%-16% | 918,527 | 876,922 |
| «БТА Банк» АҚ | 2015 ж.қаңтар | 8%-12.54% | 853,913 | 1,123,329 |
| «Темір Банк» АҚ | 2013 ж. сәуір | 14% | - | 728,807 |
| «Еуразиялық Банк» АҚ | - | 13%-14.25% | - | 102,576 |
| | | | 1,772,440 | 2,831,634 |
| ***Қамтамасыз етілмеген қарыздар*** | | | | |
| «Самұрық-Қазына» ұлттық әл ауқат қоры» АҚ | | | 5,017,084 | 150,045 |
| Әділ құнына дейін жасалған түзетуді алып тастағанда | | | (106,767) | (22,218) |
| «БТА Банк» АҚ | 2012 ж. маусым | 13% | - | 20,000 |
| | | | 4,910,317 | 147,827 |
| | | | 6,682,757 | 2,979,461 |
| Қысқа мерзімді қарыздар және ұзақ мерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі | | | 6,220,430 | 2,440,297 |
| Ұзақ мерзімді қарыздар | | | 462,327 | 539,164 |
| | | | 6,682,757 | 2,979,461 |

### «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

2010 ж. 24 ақпанда Топ 2013 ж. 24 ақпанына дейін қарыз қаражатының қол жетімділік мерзімі бар, өтеу мерзіміне байланысты пайыздық мөлшерлемесі 14%-дан 16%-ға дейін 300,000 мың теңге сомасына, айналымдағы қаражатын толықтыру мақсатымен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен №3 несие желісін ашу туралы шарт жасасты. Негізгі соманы өтеу және пайыздық мөлшерлемесі акцессорлық шартта белгіленген. 2011 ж. 23 ақпандағы қосымша келісімге байланысты несие желісінің жалпы сомасы 600,000 мың теңгеге өсті. Одан кейін, 2011 ж. 22 сәуірде жасалған қосымша келісімге сәйкес, несие желісінің жалпы сомасы 900,000 мың теңгеге ұлғайтылды. Негізгі қарыз бен пайыздар ай сайын төленеді.

2010 ж. 13 қазанда Топ 2015 ж. 13 қазанына дейін жылдық пайыздық мөлшерлемесі 14% құрайтын 80,974 мың теңге сомасына Топтың ұзақ мерзімді активтеріне инвестиция құю мақсатында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен №22 несие желісін ашу туралы шарт жасасты. Осы қарыздар бойынша пайыздың жартысы 7% көлемінде «Жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарлама аясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы субсидияланады. Жәрдем беру шарттары қарыз шарттары әрекетінің мерзімі аяқталғанға дейін жасалды. Бұл қарыздар әділ құн бойынша жәрдем беру шартына қол қойылған күннен бастап (2010 ж. 22 қазан) бағаланды. Негізгі қарыз бен пайыздар ай сайын төленеді. 2011 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 13,717 мың теңге сомасына қарыздың әділ құнына дейін түзетуді мойындады және болашақтағы мерзімдердің кірісі ретінде көрсетті. 2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ осы қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы 2012 ж. 28 желтоқсанынан Компания Басқармасының шешіміне байланысты түзетуді қалпына келтірді.

2012 ж. 10 ақпанда Топ жабдықтар, іскеқосу-баптау жұмыстарын сатып алу үшін, жабдықтарды жеткізу мен оларды сатып алуға басқа да шығыстармен байланысты, жылдық пайыздық мөлшерлемесі 8%-дан 8,3%-ға дейін 900,000 мың теңге сомасына айналым қаражатын толықтыру мақсатында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен №2 несие желісін ашу туралы шарт жасасты. Негізгі қарыз бен пайыздар ай сайын төленеді.

**«БТА Банк» АҚ**

2010 ж. 25 мамырда және 2010 ж. 31 мамырда Топ жылдық пайыздық мөлшерлемесі жылына 8% көлемінде, өтелім мерзімі 2015 ж. 31 мамырына дейін, жалпы сомасы 264,475 мың теңгені құрайтын Топтың ұзақ мерзімді активтеріне инвестициялау мақсатында «БТА Банк» АҚ-мен банктік қарыздар шартын жасасты. Қарыз бойынша пайыздар ай сайын төленеді.

Осы қарыздар бойынша пайыздың жартысы 7% көлемінде «Жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарлама аясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы субсидияланады. Субсидиялау шарттары қарыз шарттары әрекетінің мерзімі аяқталғанға дейін жасалды. Бұл қарыздар әділ құны бойынша жәрдем беру шартына қол қойылған күннен бастап (2011 ж. 19 қаңтар) бағаланды. 2011 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 20,437 мың теңге сомасына қарыздың әділ құнына дейін түзетуді мойындады және банктік қарыз шартының іске асу мерзімінде жүйелік негізде пайда мен шығын құрамында мойындалатын, болашақтағы мерзімдердің кірісі ретінде көрсетілді (22 және 25 Ескертулер).

2012 ж. Топ 3,799 мың теңге көлемінде басқа да пайда мен шығыстар құрамында, әділ құнына дейін түзетудің өтемпұлын (2011 ж.: 11,868 мың теңге), сондай-ақ 3,227 мың теңге көлемінде әділ құнына дейін қалпына келтіретін түзетуді мойындады. Сонымен, 2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнға дейін түзету 13,411 мың теңге сомасына болашақтағы мерзімдер кірісінің құрамында көрсетілген (22 және 25 Ескертулер).

2011 ж. 17 тамызда Топ нақты есептесу мерзімі 2015 ж. қаңтар айына дейін, несие жасау лимиті 850,000 мың теңгені құрайтын, траншеялар мерзімі 18 айға дейін «БТА Банк» АҚ-мен Бас келісім жасады. Жалпы сомадан 750,000 мың теңге «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қаражат есебінен қаржыландырылады. Негізгі қарыз тоқсан сайын, ал пайыздар ай сайын төленеді.

2011 ж. 18 желтоқсанда Топ жылдық пайыздық мөлшерлемесі 12,25% құрайтын, мерзімі 2016 ж. 18 қыркүйекке дейін, сомасы 91,198 мың теңгеге тең Топтың ұзақ мерзімді активтеріне инвестиция салу мақсатында «БТА Банк» АҚ-мен банктік қарыздар шартын жасады. Негізгі қарыз бен пайыздар ай сайын төленеді.

**«Темір Банк» АҚ**

2011 ж. Компания пайыздық мөлшерлемесі 14% құрайтын және өтеу мерзімі 2013 ж. 7 сәуірге дейінгі 900,000 мың теңге сомасына «Темір Банк» АҚ-мен банктік қарыздар туралы бас келісім жасасты. 2012 ж. ішінде Топ «Темір Банк» АҚ-дан алынған қарызды толық өтеді.

**«Еуразиялық Банк» АҚ**

2010-2011 жж. Топ «Еуразиялық Банк» АҚ-мен бас несиелік келісім жасасты. Бұл қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлеме 13%-дан 14.25%-ға дейін болды. 2012 ж. ішінде Топ «Еуразиялық Банк» АҚ қарызын толық өтеді.

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны 1,708,249 мың теңге мен 2,449,376 мың теңгедегі негізгі қаражаттар жоғарыда көрсетілген қарыздарды қамтамасыз етуде кепілдікте болды (6 Ескерту).

**«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ**

2008 ж. ішінде Компания бизнесті дамыту үшін бас компаниядан 250,045 мың теңге көлемінде, өтелім мерзімі 2012 ж. 31 желтоқсанына дейін, пайызсыз қарыз алды. Компания 16.1% көлемінде тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, осы қарыздардың әділ құнын есептеді және капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есепте қосымша төленген капитал ретінде 23,556 мың теңге сомасына салық әсерін қоспағанда, 117,779 мың теңге сомасының әділ құнына дейін түзетуді мойындады. 2012 және 2011 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін дисконттың амортизациясы 22,218 мың теңге және тиісінше 30,002 мың теңге сомасында қаржылық шығындар құрамында танылды (32 Ескерту).

2012 ж. 15 ақпанда Компания Акционерден жылдық пайыздық мөлшерлемесі 3% құрайтын, өтелім мерзімі 2013 ж. 30 желтоқсанына дейін 5,000,000 мың теңге сомасына пайызсыз қарыз алды. Негізгі қарыз мерзім соңында, ал пайыздар ай сайын төленеді.

Бұл қарыз Қазақстан Республикасының аумағы бойынша электронды-оптикалық аспаптарды шығару орталығын құруды қаражаттандыруға және еншілес ұйымның негізінде әскери бағыттағы бронетехниканы жаңғырту, инженерлік-техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін меншікті өндірісті жасауға арналған.

Компания 7% көлемінде тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, осы қарыздардың әділ құнын есептеді және капиталдың өзгеруі жөніндегі шоғырландырылған есепте қосымша төленген капитал ретінде 55,117 мың теңге сомасына салық әсерін қоспағанда, 275,583 мың теңге сомасының әділ құнына дейін түзетуді мойындады. 2012 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін дисконттың амортизациясы 168,816 мың теңге сомасында қаржылық шығындар құрамында танылды (32 Ескерту).

2011 ж. және 2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық қарыздар теңгемен көрсетілген.

Қарыздар келесі мерзімдерде өтеледі:

| | **2012 ж. 31 желтоқсан** | **2011 ж. 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Бір жыл ішінде | 6,220,430 | 2,440,297 |
| Екінші жыл ішінде | 307,017 | 383,288 |
| Үшінші жыл ішінде | 101,568 | 101,095 |
| Кейінгі жылдары | 53,742 | 54,781 |
| | 6,682,757 | 2,979,461 |

## 20. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

| | Өтелім мерзімі | Пайыздық мөлшерлеме | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| Келесі бағамен шығарылған облигациялар: | | | | |
| 95.2341% - 1 транш | 2015 ж. 6 қарашасы | 5% | 4,534,000 | - |
| Қосқанда/(шығарып тастағанда): | | | | |
| Есептелген сыйақы | | | 34,005 | - |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконт | | | (206,164) | - |
| Орналастырылған облигациялардың барлығы | | | 4,361,841 | - |
| Минус: шығарылған борыштық бағалы қағаздардың ағымдағы бөлігі | | | (34,005) | - |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың ұзақ мерзімді бөлігі | | | 4,327,836 | - |

Отандық машинажасау секторын дамыту үшін Топ алдына қойылған мәселелерді іске асыру аясында Директорлар кеңесінің шешімімен (2012 ж. 26 қыркүйегіндегі №90 хаттама) Компанияның ішкі облигациясын шығару бойынша Бағдарлама аясында 15 млрд. теңге сомасына облигацияның бірінші шығуы құпталды.

2012 ж. 7 желтоқсанда Компания Қазақстандық қор биржасына («ҚҚБ») 45,340 мың дана көлемінде, номиналдық бағасы 100 теңгені құрайтын, жылына 5% мөлшерінде 4,534,000 мың теңгеге ішкі қамтамасыз етілмеген облигацияларды (CFA-DBFUFR) орналастырды. Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу облигация айналымының бірінші күнінен жылына 2 рет жүргізіледі.

## 21. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| | Ең төменгі жалдау төлемдері | | Ең төменгі жалдау төлемдерінің көрсетілген құны | |
|---|---|---|---|---|
| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
| Бір жылға толмай | 410,571 | 162,787 | 345,031 | 152,792 |
| Бір жылдан бес жылға дейін | 1,461,767 | 605,497 | 1,074,546 | 479,222 |
| Бес жылдан астам | 406,124 | - | 341,297 | |
| | 2,278,462 | 768,284 | 1,760,874 | 632,014 |
| Келешектегі қаржылық шығындарды есептен шығарғанда | (517,588) | (136,270) | - | - |
| | 1,760,874 | 632,014 | 1,760,874 | 632,014 |
| Көрсетілген: | | | | |
| - ағымдағы міндеттемелерде | | | 345,031 | 152,792 |
| - ұзақ мерзімді міндеттемелерде | | | 1,415,843 | 479,222 |
| | | | 1,760,874 | 632,014 |

2007 ж. Топ 8% көлеміндегі пайыздық мөлшерлемесімен 10 жылға «БРК–Лизинг» АҚ-мен өндірістік жабдықтарды қаржылық жалға алу туралы шартты жасасты. Осы шарт бойынша қамтамасыз ету ретінде алынған жабдық болады.

Топ осы шарт бойынша негізгі берешекті және пайыздарды өтелу күнге АҚШ долларының айырбас бағамына индекстелген теңгемен жабу керек. Бұл индексациялау кіріктірме туынды қаржылық құрал болып табылады, ол қаржылық жалдың негізгі шартымен байланыспайды және тиісінше жеке мойындауды талап етеді. Кіріктірме туынды қаржылық құралдың әділ құнын белгілеу үшін Топ нарық деректерін пайдалануды талап етеді және нарықта кеңінен пайдаланылатын бағалау әдістерін қолданады. 2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кіріктірме туынды қаржылық құрал 204,370 мың теңгені құрады (2011 ж. 31 желтоқсан: 183,230 мың теңге). 2012 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ осы кіріктірме туынды қаржылық құралға байланысты шығын ретінде 21,140 мың теңге сомасына әділ құнына дейін жасалған түзетуді мойындады (2011 ж.: 28,417 мың теңге).

2011 ж. Топ пайыздық мөлшерлемесі 7,5% құрайтын, мерзімі 10 жылға дейінгі «БРК–Лизинг» АҚ-мен өндірістік жабдықтарды қаржылық жалға алу туралы шартты жасасты және шартқа сәйкес алдын ала төлем жасады. 2012 ж. қазан айында лизинг шарты бойынша 1,240,676 мың теңге сомасына жабдықтар мен қосалқы бұйымдар алынды. Жабдықтар осы шарт бойынша кепілдік болады.

Қаржылық жал бойынша міндеттемелер теңгемен көрсетілген.

## 22. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Алынған ұзақ мерзімді алдын-ала төлемдер | 145,393 | 717,400 |
| Акционерге төленуі тиіс дивидендтер (16 және 37 Ескертулер) | - | 66,000 |
| Үшінші тараптарға тиесілі басқа да ұзақ мерзімді берешек | 25,974 | 2,745 |
| Болашақ кезеңдердегі табыстар – мемлекеттік жәрдемақылар (19 Ескерту) | 10,673 | 21,757 |
| Болашақ кезеңдердегі басқа да кірістер | - | 3,451 |
| Резервтер | 36,176 | 54,956 |
| | 218,216 | 866,309 |

2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтерге 10,891мың теңге сомасына кепілдік қызмет көрсету бойынша есептелген шығыстар және 25,285 мың теңге сомасына қызметкерлерге жұмсалған шығындар мен басқа да сыйақыларды өтеу кіреді (2011 ж.: 54,956 мың теңге және нөл теңге, тиісінше).

Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер теңгемен көрсетілген.

## 23. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Жеткізушілер мен мердігерлерге тиесілі кредиторлық берешек | 1,700,339 | 668,188 |
| Байланысты тараптарға тиесілі кредиторлық берешек (37 Ескерту) | 2,211,214 | 51,743 |
| | 3,911,553 | 719,931 |

Сауда кредиторлық берешек келесі валюталармен көрсетіледі:

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Теңге | 2,916,702 | 649,408 |
| АҚШ доллары | 602,070 | 69,110 |
| Ресей рублі | 392,781 | 1,413 |
| | 3,911,553 | 719,931 |

## 24. САЛЫҚТАР БОЙЫНША БЕРЕШЕК

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Төленуге тиесілі ҚҚС | 1,112,089 | 713,924 |
| Зейнетақы және әлеуметтік аударым | 147,283 | 129,086 |
| Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы | 88,953 | 90,055 |
| Төленуге тиесілі әлеуметтік салық | 70,359 | 60,850 |
| Басқа да салықтар | 8,523 | 30,500 |
| | 1,427,207 | 1,024,415 |

## 25. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| | 2012 ж. 31 желтоқсан | 2011 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардан алынған алдын-ала төлемдер | 2,212,986 | 1,731,641 |
| Байланысты тараптардан алынған төлемдер (37 Ескерту) | 863,358 | 142,732 |
| Резервтер | 1,442,097 | 774,791 |
| Үшінші тараптарға төленуге тиесілі дивидендтер | 179,583 | 87,728 |
| Акционерге төленуге тиесілі дивидендтер (16 және 37 Ескертулер) | 66,000 | 50,000 |
| Еңбек ақысын төлеу бойынша қызметкерлермен есептесу | 236,877 | 128,513 |
| Болашақ кезеңдердегі табыстар – мемлекеттік жәрдемақылар (19 Ескерту) | 2,738 | 12,397 |
| Болашақ кезеңдердегі табыстар | 6,325 | 240 |
| Басқа да кредиторлық берешек | 183,526 | 5,613 |
| | 5,193,490 | 2,933,655 |

2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтерге кепілдік қызметтер көрсету бойынша 532,549 мың теңге сомасына есептелген шығындар (2011 ж.: 117,448 мың теңге), демалыс бойынша резерв – 788,256 мың теңге (2011 ж.: 263,814 мың теңге), басқа да есептелген шығындар – 121,292 мың теңге (2011 ж.: 392,529 мың теңге) кіреді.

Басқа ағымдағы міндеттемелер теңгемен көрсетіледі.

## 26. КІРІСТЕР

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Дайын өнімді өткізуден түскен кіріс | 42,372,771 | 28,964,924 |
| Қызмет көрсетуден түскен кіріс | 9,780,843 | 4,655,063 |
| Басқалары | - | 3,207 |
| | 52,153,614 | 33,623,194 |

2012 ж. байланысты тараптармен жасалған операциядан түскен кіріс 43,256,129 мың теңгені құрады (2011 ж.: 26,220,456 мың теңге) (37 Ескерту).

## 27. ӨЗІНДІК ҚҰН

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Шикізат | 32,499,723 | 22,275,560 |
| Жалақы және аударымдар | 6,199,214 | 3,623,141 |
| Қосалқы мердігерлердің қызметтері | 1,327,019 | 2,208,973 |
| Тозу және амортизация | 505,444 | 519,858 |
| Коммуналдық төлемдер | 516,227 | 409,198 |
| Жөндеу және қызмет көрсету | 1,700,627 | 177,626 |
| Басқалары | 797,926 | 420,890 |
| | 43,546,180 | 29,635,246 |
| Аяқталмаған өндіріс, жыл басы | 3,305,142 | 2,181,718 |
| Аяқталмаған өндіріс, жыл аяғы (10 Ескерту) | 3,499,630 | 3,305,142 |
| Аяқталмаған өндірісте өзгерістер | (194,488) | (1,123,424) |
| Дайын өнім, жыл басы | 2,142,640 | 1,853,541 |
| Дайын өнім, жыл аяғы (10 Ескерту) | 2,101,415 | 2,142,640 |
| Дайын өнімдегі өзгерістер | 41,225 | (289,099) |
| | 43,392,917 | 28,222,723 |

## 28. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫНДАР

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Жалақы және онымен байланысты салықтар | 2,058,890 | 1,372,912 |
| Салықтар | 235,419 | 217,931 |
| Кәсіби қызметтер | 123,025 | 164,606 |
| Айыппұлдар мен өсімпұлдар | 32,691 | 155,041 |
| Тозу және амортизация | 136,828 | 111,610 |
| Іссапарлық және өкілдер шығыны | 190,032 | 107,224 |
| Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша қорды есептеу | 6,452 | 69,000 |
| Коммуналдық шығындар | 116,083 | 63,810 |
| Банк комиссиясы | 73,021 | 60,402 |
| Жөндеу және қызмет көрсету | 19,290 | 59,906 |
| Жалдау бойынша шығындар | 124,727 | 58,473 |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша қорды есептеу | 82,356 | 56,327 |
| Өтімсіз материалдар бойынша қорды (қалпына келтіру)/есептеу (10 Ескерту) | (56,046) | 56,078 |
| Байланыс қызметі | 27,799 | 30,963 |
| Материалдар | 34,239 | 27,848 |
| Көлік шығындары | 16,861 | 25,797 |
| Қызметкерлерді үйрету | 22,657 | 18,586 |
| Қайырымдылық және демеуші көмек | 16,817 | 12,502 |
| Күзету | 20,422 | 12,121 |
| Күмәнді қарыздар бойынша резервті есептеу/(қалпына келтіру) (11 және 14 Ескертулер) | 32,936 | (38,304) |
| Басқалары | 492,928 | 212,825 |
| | 3,807,427 | 2,855,658 |

## 29. САТУ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Транспорттық шығындар | 236,610 | 200,234 |
| Жалақы және онымен байланысты салықтар | 223,121 | 112,957 |
| Біріктіру бойынша шығындар | - | 103,075 |
| Есепке алынбаған ҚҚС | 153,611 | 61,275 |
| Іссапарлық шығындар | 85,033 | 51,947 |
| Жарнама және маркетинг | 77,705 | 14,241 |
| Тозу және амортизация | 13,664 | 13,392 |
| Коммуналдық шығындар | 5,813 | 2,609 |
| Басқалары | 46,292 | 80,754 |
| | 841,849 | 640,484 |

## 30. БАСҚА ДА ПАЙДАЛАР МЕН ЗАЛАЛДАР

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды өткізуден түскен пайда | 569,199 | 393,710 |
| Босалқыларды өкізуден түскен кіріс | 65,342 | 152,845 |
| Жалға беруден түскен кіріс | 93,021 | 47,969 |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құнсызденуынан түскен залалдар | - | (24,925) |
| Тозу және амортизация | (3,954) | (1,685) |
| Материалдық емес активтердің шығуынан болған залал | (36,255) | (46) |
| Қайырымдылық | (54,560) | (12,502) |
| Басқа да залалдар | (14,628) | (52,836) |
| | 618,165 | 502,530 |

## 31. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Қысқа мерзімді депозиттер мен ағымдағы шоттар бойынша пайыздық кірістер | 268,219 | 71,637 |
| Берілген қарыздар бойынша әділ құнына дейін түзетудің амортизациясы | 46,599 | 7,894 |
| | 314,818 | 79,531 |

Ағымдағы шоттар мен байланысты тараптардың депозиттері бойынша қаржылық кірістер 7,033 мың теңгені құрады (2011 ж.: 21,887 мың теңге) (37 Ескерту).

## 32. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Қарыздар бойынша пайыздар | 406,462 | 280,462 |
| Шығарылған облигациядан пайыздар (20 Ескерту) | 34,005 | - |
| Қаржылық жал бойынша пайыздар | 128,506 | 68,540 |
| Акционерлерден алынған қарыздарды әділ құнына дейін түзетудің амортизациясы (19 Ескерту) | 191,034 | 30,002 |
| Шығарылған облигацияр бойынша дисконттың амортизациясы | 9,924 | - |
| Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер | 20,955 | 10,854 |
| | 790,886 | 389,858 |

Байланысты тараптардың қаржылық шығындары 588,594 мың теңгені құрады (2011 ж.: 218,764 мың теңге) (37 Ескерту).

## 33. САЛЫҚ САЛУ

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Ағымдағы табыс салығы бойынша шығындар | 813,667 | 524,519 |
| Өткен жылдардың ағымдағы табыс салығын түзету | - | 92,194 |
| Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнемдеу | (143,300) | (34,784) |
| Табыс салығы бойынша шығындар | 670,367 | 581,929 |

Қаржылық есептілік пен салық есебі бойынша табыс салығы мөлшерлемесінің 20% қолданған кезде табыс салығы бойынша болжамды шығындар арасындағы салыстыру төменде көрсетілген:

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Табыс салығы бойынша шығындарды есептемей тұрғанда жалғастырылған қызметтен түскен кіріс | 5,208,333 | 2,846,016 |
| 20% ресми салық мөлшерлемесі бойынша теориялық салық | 1,041,667 | 569,203 |
| Тұрақты айырмадан болған салық әсері | (171,855) | 66,037 |
| Өткен жылдардың ағымдағы табыс салығын түзету | - | 92,194 |
| Салық салынбайтын қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы үлес | (199,445) | (145,505) |
| | 670,367 | 581,929 |

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерінен болатын негізгі уақытша өзгешеліктерге салық әсері төменде көрсетілген:

| | 2011 ж. 31 желтоқса-нына | Пайдалар мен залалдарда танылған | Капитал баптарында танылған | Еншілес кәсіпорынның шығуы | 2012 ж. 31 желтоқса-нына |
|---|---|---|---|---|---|
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар | (877,283) | (25,171) | - | - | (902,454) |
| Сауда дебиторлық берешек | 8,826 | 11,103 | - | - | 19,929 |
| Босалқылар | 72,849 | (11,208) | - | - | 61,641 |
| Резервтер | 165,949 | 132,065 | - | - | 298,014 |
| Төленуге тиесілі салықтар | 18,270 | (2,676) | - | - | 15,594 |
| Пайдалар мен залалдар арқылы қарыздық міндеттемелер | 36,646 | 4,228 | - | - | 40,874 |
| Алынған қарыз | - | 33,764 | (55,117) | - | (21,353) |
| Берілген қарыз | - | 6,362 | - | - | 6,362 |
| Көшірілетін салық залалдары | 64,375 | (5,167) | - | (3,773) | 55,435 |
| | (510,368) | 143,300 | (55,117) | (3,773) | (425,958) |

| | 2011 ж. 1 қаңтарына | Пайдалар мен залалдарда танылған | 2011 ж. 31 желтоқса-нына |
|---|---|---|---|
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар | (850,984) | (26,299) | (877,283) |
| Сауда дебиторлық берешек | 7,264 | 1,562 | 8,826 |
| Босалқылар | 64,308 | 8,541 | 72,849 |
| Резервтер | 36,562 | 129,387 | 165,949 |
| Төленуге тиесілі салықтар | 10,040 | 8,230 | 18,270 |
| Пайдалар мен залалдар арқылы қарыздық міндеттемелер | 30,963 | 5,683 | 36,646 |
| Көшірілетін салық залалдары | 156,695 | (92,320) | 64,375 |
| | (545,152) | 34,784 | (510,368) |

## 34. ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ІСТЕН ШЫҒУЫ

2012 ж. 1 қазанда Компания «Қазақстан инжиниринг Дистрибьюшн» ЖШС қатысу үлесінің 51% сатты.

| | 2012 ж.<br>31 желтоқсан |
|---|---|
| ***Сыйақы сомасы*** | |
| Ақшалай сыйақы | 8,507 |
| Алынған сыйақының жиынтығы | 8,507 |
| ***Сатылған кәсіпорынның шыққан активтері мен міндеттемелері*** | |
| **Қысқа мерзімді активтер:** | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 71 |
| Босалқылар | 687 |
| Дебиторлық берешек | 5,653 |
| Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем | 287 |
| Басқа да қысқа мерзімді активтер | 7,329 |
| **Ұзақ мерзімді активтер:** | |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар | 7,303 |
| Материалды емес активтер | 76 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 3,773 |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер:** | |
| Кредиторлық берешек | (14,874) |
| Басқа да салықтар мен міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер | (15,897) |
| Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер | (25,277) |
| **Шыққан таза міндеттемелер** | (30,869) |
| ***Еншілес кәсіпорынның шығуынан түскен пайда*** | |
| Алынған сыйақының сомасы | 8,507 |
| Шыққан таза міндеттемелер | 30,869 |
| Бақылау жоғалған кездегі қауымдастырылған кәсіпорынға салынған инвестиция | 955 |
| Қатысу үлесін сатудан түскен пайда | 40,331 |

| | 2012 ж. |
|---|---|
| ***Тоқтатылатын қызметтен түсетін пайда/(шығын)*** | |
| Кірістер | 246,158 |
| Басқа да кірістер | 3,638 |
| | 249,796 |
| Шығындар | (269,559) |
| Салық салуға дейінгі залал | (19,763) |
| Табыс салығы бойынша үнемдеу | 12 |
| Мерзім ішіндегі таза шығын | (19,751) |
| Қатысу үлесін сатудан түскен пайда | 40,331 |
| Тоқтатылатын қызметтен бір жылғы пайда | 20,580 |

## 35. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Салық салу және реттеуші орта

Қазіргі кезде Қазақстанда биліктің ұлттық, аймақтық органдарымен салынатын әртүрлі салықтарға қатысты бірқатар заңдар бар. Осы салықтарға қатысты заңдар дамыған нарықтармен салыстырғанда көп уақыт бойы жұмыс жасамаған, сондықтан олардың ережелерін қолдану жиі айқын емес немесе мүлде белгіленбеген. Яғни, салық сұрақтарына қатысты прецеденттер аз анықталған және заңдарға түсінік беруге байланысты түрлі пікірлер бар. Заңнамаға сәйкес, салық органдары салық декларацияларын және/немесе салық төлеуін уақытылы немесе дұрыс бермегені үшін қомақты айыппұл мен өсімпұл салуы мүмкін. Мұндай факторлар салық жүйесі дамыған мемлекеттерге қарағанда Қазақстанда қомақты салық тәуекелін тудырады.

### Заңдық мәселелер

Топ оған жекелей немесе жиынтықта елеулі әсер етпеген соттық іс қараудың және соттық шешімдердің нысаны болып келген және болады. Басшылықтың ойынша, барлық іскери мәселелердің шешілуі Топтың қаржылық жағдайына немесе қызмет нәтижелеріне елеулі әсер етпейді.

### Қоршаған ортаны қорғау

Басшылықтың ойынша, Топ Қазақстан Республикасының қоршаған орта мәселелеріне байланысты талаптарын сақтайды және олар бойынша елеулі бір міндеттемелері жоқ. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте Топ болуы мүмкін шығындарды жабу резевтерін көрсетпеді.

### Сақтандыру

Топ үшінші бір тұлғалардың, сондай-ақ өз қызметкерлерінің алдында азаматтық құқықтық жауапкершіліктің, өндірістік активтердің сақтандыруын жүргізбеді. Сақтандырудың болмауы активтер құнының азаюын немесе міндеттемелердің пайда болуын білдірмейді, сондықтан осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте 2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осындай активтердің бүлінуіне немесе жоғалуына байланысты көлденең шығындарға ешқандай резерв жасалмаған.

### Нарықты шектеу

Топ қызметінің негізгі қызметтерінің бірден-бірі әскери жабдықтарды әзірлеу, өндіру және сату болып табылады. Топ қызметі Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық болып табылады және Қазақстан Республикасының Үкіметімен лицензиялануға және мұқұлдануға тиіс. Бұл факт Топпен шығарылатын өнімдерді сату нарығын шектейтін болады.

### Күрделі сипаттағы міндеттемелер

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың тиісінше 700,371 мың теңге және 89,052 мың теңге сомасына жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатып алу міндеттемелері бар.

## 36. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУКЕЛІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржы құралдарына қарыздар, ақша мен қысқа мерзімді салымдар, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешектер кіреді. Топтың қаржы құралдары бойынша ең бастапқы тәуекел болып несиелік тәуекел табылады. Сондай-ақ, Топ нарық тәуекелін және өтімділік тәуекелін, барлық қаржы құралдарына байланысты туындайтын тәукелдерді бақылайды.

**Капитал жеткіліксіздігінің тәуекелін басқару**

Қарыз бен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы Акционер үшін пайданы ең жоғарғы деңгейде көтере отырып Топ өз қызметін үздіксіз жұмыс істейтін кәсіпорын ретінде жалғастыра алатындығына көз жеткізу үшін, Топ капитал жеткіліксіздігінің тәуекелін басқарады. Топ капиталының құрылымы жарғылық капиталды, қосымша төленген капитал мен бөлінбеген пайданы қамтиды.

**Есеп саясатының негізгі қағидалары**

Тану өлшемдерін, бағалау негізін және қаржы активтерінің, қаржы міндеттемелерінің және үлестік құралдардың әрқайсысына қатысты табыстар мен шығындар танылатын негізді қоса алғанда есептік саясаттың негізгі қағидаттары мен қабылданған әдістер жөніндегі деректер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 3 Ескертуінде ашылған.

**Қаржы тәуекелін басқару мақсаттары**

Тәуекелді басқару Топ қызметінің маңызды элементі болып табылады. Компания Топ операцияларына қатысты қаржы тәуекелдерін тәуекелдердің дәрежесі мен мөлшері бойынша тәуекелге ұшырағыштық талданатын тәуекелдер бойынша ішкі есептер арқылы бақылайды және басқарады. Осы тәуекелдерге нарықтық тәуекел (валюта тәуекелі, баға тәуекелі және әділ құнға қатысты пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі), өтімділік тәуекелі және ақша ағынына қатысты пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі жатады. Төменде Топтың тәуекелдерін басқару саясатының сипаттамасы берілген.

**Пайыздық мөлшерлемеге қатысты тәуекел**

Пайыздық мөлшерлememен байланысты тәуекел Топтың қарыздары бойынша ақша қаражаты ағынының көбеюі және жалпы инвестициялық табыстың төмендеуіне әкеліп соғатын, Топ үшін нарықтық пайыз мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі болып көрсетіледі.

Топ үшін бұл тәуекел елеулі емес, себебі пайыздық қаржылық активтер мен міндеттемелер белгіленген пайыздық мөлшерлемелерін қамтиды.

**Валюталық тәуекел**

Топтың шетелдік валютамен көрсетілген ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыздардың сомасы шоғырландырылған қаржылық есептілікте теңгемен берілген. Шетел валютасына қатысы бойынша теңге курсының өзгеруіне байланысты бағамдық айырмадан табыс немесе шығын пайда болады. Топ үшін валюталық тәуекел елеулі емес, себебі қаржылық активтер мен міндеттемелер көбінесе теңгемен көрсетілген.

## Несиелік тәуекел

Контрагенттердің Топтың қаржы құралдарымен жасалған шарттардың талаптарын орындамау нәтижесінде туындайтын несиелік тәуекел әдетте контрагенттердің міндеттемелерінің мөлшері Топтың осы контрагенттер алдындағы міндеттемелерінен асып түсетін сомалармен шектеледі, егер ондайлар болса. Топтың саясаты кредит қабілеттілігі бар бірқатар контрагенттермен қаржы құралдары бойынша операция жасауды қарастырады. Несиелік тәуекелге ұшырағыштықтың максималды мөлшері әрбір қаржы активінің баланстық құнына тең. Топтың ойынша, оның тәуекелінің максималды мөлшері есептік күнінде көрсетілген, күмәнді берешектер бойынша қорларды шегергенде сауда дебиторлық берешектің (11 Ескерту) және басқа ағымдағы активтердің сомасына (14 Ескерту) тең.

Несиелік тәуекелді шоғырландыру қызмет жағдайлары ұқсас несие топтарынан немесе бір ғана несиеден бірнеше қарыздар сомасының бар болуынан көрінуі мүмкін, осыған қатысты экономикалық жағдайларының өзгеруі, күту негізгі бар немесе басқа міндеттемелер олардың өзінің міндеттемелер орындау қабілеттілігіне бірдей әсерін тигізуі мүмкін.

Есептік күніндегі жағдай бойынша сауда дебиторлық берешекке қатысты және географиялық аймақтар бойынша несиелік тәуекелдің жоғарғы деңгейі келесідей болған:

| | **2012 ж. 31 желтоқсан** | **2011 ж. 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Ел ішінде | 1,806,440 | 1,158,227 |
| Елден тыс | 10,609 | 1,115 |
| | 1,817,049 | 1,159,342 |

Топта барабар несиелік оқиғасы болған тапсырысшылармен жасалатын мәмілелерге үнемі бақылау жасауды ескеретін және несиелеудің белгіленген шектелімінен аспайтын саясат жүзеге асады. Топ алғытөлемді қайтарудағы банктік кепілдікке қарсы берілген алдын ала төлем негізінде өзінің көптеген клиенттерімен жұмыс жасау фактісі арқасында несиелік тәуекел төмендейді.

Топ үшінші тараптың міндеттемелері бойынша кепілгер болмайды.

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ескіру мерзіміне қарай сауда дебиторлық берешектің үлестірілуі келесідей болған:

| | **2012 ж. 31 желтоқсан** | **2011 ж. 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Мерзімінен аспаған | 1,762,336 | 599,927 |
| Мерзімінен 3-6 айға асқан | 54,713 | 487,744 |
| Мерзімінен 6-12 айға асқан | - | 71,671 |
| Мерзімінен 12 айдан артық асқан | 45,542 | 44,132 |
| | 1,862,591 | 1,203,474 |

## Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел нарықтық бағалардың өзгеруі нәтижесінде қаржы құралдарының құнының мүмкін ауытқуымен байланысты. Топ нарықтық тәуекелді нарықтық конъюнктураның жағымсыз өзгерістері салдарынан болуы мүмкін әлуетті шығындарды жүйелі түрде бағалау арқылы басқарады.

## Өтімділік тәуекелі

Топ қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қаржыландырудың өтімділік тәуекелін Акционердің талаптарына сәйкес бақылайды. Топ өтімділік тәуекелін барабар қорларды, банк несиелерін және қол жетімді кредит желілерін сақтау арқылы, ақша қаражатының іс жүзіндегі және болжалды қозғалысын тұрақты түрде бақылау арқылы және қаржы активтерінің және міндеттемелерінің өтеу мерзімдерін салыстыру арқылы басқарады.

Келесі кестелерде Топтың туынды емес қаржы міндеттемелері бойынша оның келісімшарттық мерзімдері көрсетіледі. Кесте Топтан төлем талап етілуі мүмкін ең ерте күн негізінде қаржы міндеттемелері бойынша ақша ағындарының дисконтталмаған қозғалысы негізінде жасалған. Кестеде ақша ағындары пайыздар бойынша да, негізгі қарыз сомасы бойынша да көрсетіледі.

| | **Пайыздық мөлшерleme** | **1-6 ай** | **6 ай–1жыл** | **1-5 жыл** | **5 жылдан жоғары** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2012 ж.** | | | | | | |
| *Пайызсыз:* | | | | | | |
| Сауда кредиторлық берешек | - | 3,911,553 | - | - | - | 3,911,553 |
| Басқа да міндеттемелер | - | 302,877 | 363,109 | 25,974 | 205,072 | 897,032 |
| *Пайыздық:* | | | | | | |
| Қарыздар | 8%-16% | 168,743 | 5,650,482 | 1,549,518 | - | 7,368,743 |
| Шығарылған облигациялар | 5% | 113,350 | 113,350 | 4,987,400 | - | 5,214,100 |
| Қаржылық жал | 7.5%-8% | 33,056 | 377,515 | 1,461,767 | 406,124 | 2,278,462 |

| | **Пайыздық мөлшерleme** | **1-6 ай** | **6 ай–1жыл** | **1-5 жыл** | **5 жылдан жоғары** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2011 ж.** | | | | | | |
| *Пайызсыз:* | | | | | | |
| Сауда кредиторлық берешек | - | 719,931 | - | - | - | 719,931 |
| Басқа да міндеттемелер | - | 134,126 | 137,728 | 68,745 | 197,846 | 538,445 |
| *Пайыздық:* | | | | | | |
| Қарыздар | 8%-14% | 1,527,130 | 1,101,142 | 573,745 | - | 3,202,017 |
| Қаржылық жал | 8% | 81,394 | 81,394 | 605,496 | - | 768,284 |

Келесі кестеде Топтың өндірілмейтін қаржы активтері бойынша болжамды төлеу мерзімі көрсетілген. Кесте актив бойынша алынатын пайыздарды қоса алғанда, қаржы активтеріне дисконтталмаған келісімшарт мерзімі негізінде жасалды, тек, Топ ақша қозғалысының басқа кезеңде өту болжауын қоспағанда.

| | **Пайыздық мөлшерле-ме** | **1 ай – 1 жыл** | **1-5 жыл** | **5 жылдан жоғары** | **Өтелімнің айқынсыз мерзімі** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2012 ж.** | | | | | | |
| *Пайыздық:* | | | | | | |
| Қысқа мерзімді депозиттер | 3.8%-6% | 934,906 | - | - | - | 934,906 |
| Қаржылық жал бойынша берешек | - | - | - | - | 157,638 | 157,638 |
| *Пайызсыз:* | | | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары, кассадағы ақшаны қоспағанда | - | 9,174,840 | - | - | - | 9,174,840 |
| Пайдалануы шектелген ақша қаражаттары | - | 87,062 | - | - | - | 87,062 |
| Сауда дебиторлық берешек | - | 1,817,049 | | | 45,542 | 1,862,591 |
| Басқа да активтер | - | 2,735,531 | 68,952 | - | 56,620 | 2,861,103 |

| | **Пайыздық мөлшерле-ме** | **1 ай – 1 жыл** | **1-5 жыл** | **5 жылдан жоғары** | **Өтелімнің айқынсыз мерзімі** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2011 ж.** | | | | | | - |
| *Пайыздық:* | | | | | | - |
| Қысқа мерзімді депозиттер | 4%-5% | 81,005 | - | - | - | 81,005 |
| Қаржылық жал бойынша берешек | - | 12,893 | 2,788 | - | - | 15,681 |
| *Пайызсыз:* | | | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары, кассадағы ақшаны қоспағанда | - | 3,373,076 | - | - | - | 3,373,076 |
| Пайдалануы шектелген ақша қаражаттары | - | 82,391 | - | - | - | 82,391 |
| Сауда дебиторлық берешек | - | 1,159,342 | - | - | 44,132 | 1,203,474 |
| Басқа да активтер | - | 514,016 | 29,670 | - | 18,347 | 562,033 |

## Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құн коммерциялық жағдайда хабардар жақтар арасындағы айырбасталған құралдар сомасы сияқты анықталады, тек тарату кезіндегі сату немесе мәжбүрлі сату жағдайларын қоспағанда. Топтың көпшілік қаржы құралдары үшін әділ құнды анықтауда қолдануға болатын нарық механизмінің болмауы себепті, әділ құнды бағалауда өзіне тән құралдарды, нақты тәуекелдерді және ағымдағы экономикалық жағдай негізін түбірлеп сұрауды қолдануы қажет.

Келесі әдістемелер мен жорамалдарды Топ қаржы құралдарының әділ құнын есептеуде қолданады:

*Ақша қаражаты және олардың баламалары*

Ақша қаражатының баланстық құны және олардың баламалары бұл қаржы құралдарының қысқа мерзімді төлем сипаты салдарына, олардың әділ құнына шамамен тең.

***Сауда және басқа да дебиторлық және кредиторлық берешек***

Активтер және міндеттемелер үшін төлем мерзімі он екі айға жуық болғанда осы қаржы құралдарының төлем мерзімінің қысқа болуы салдарынан баланстық құн әділ бағаға тура келеді.

*Қарыздар*

Банк қарыздары бойынша есептер, сәйкес жылдың аяғынан асатын, нарық мөлшерін қолданумен есептелген есеп мерзімі бойы жеке қарыздар бойынша өтеу мерзімі мен несие рейтингісі бар алдағы болжамды ақша қаражаты ағынының дисконтталуы арқылы жасалған.

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен қаржы міндеттемелер әділ құнының олардың баланстық құнынан елеулі айырмашылығы болмаған.

## 37. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптар Компанияның қауымдастырылған және еншілес кәсіпорындарын және Топтың жалғыз акционерін, сондай-ақ мемлекеттік компанияларды қоса, коммерциялық пайданы шығаруға бейімделген Топтың жалғыз акционерінің филиалдары мен еншілес компанияларын қамтиды.

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға Топтың байланысты тараптармен жасаған операциялары көбінесе жай қызмет кезінде және тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде басым болған шарттарға қарай жасалған.

**Сауда дебиторлық берешек (11 Ескерту)**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ | 599,216 | 398,909 |
| «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ | 19,957 | 224,657 |
| «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС | 126,615 | - |
| «Қазатомпром» ҰАК» АҚ | 2,351 | - |
| Басқалары | 657 | 270 |
| | 748,796 | 623,836 |

**Алынатын дивидендтер (14 Ескерту)**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| «ЗИКСТО» АҚ | 71,592 | - |

**Сауда кредиторлық берешек (23 Ескерту)**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС | 2,180,952 | - |
| «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ | 23,278 | 28,404 |
| «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ | 30 | - |
| «Самұрық-Энерго» АҚ | 4,697 | 21,286 |
| Басқалары | 2,257 | 2,053 |
| | 2,211,214 | 51,743 |

**Берілген алдын-ала төлемдер (9 және 14 Ескертулер)**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| «Қазақстан Даму Банкі» АҚ | - | 223,852 |
| «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ | 12,568 | 10,910 |
| Басқалары | 8,238 | 2,074 |
| | 20,806 | 236,836 |

**Берілген қарыздар (14 Ескерту)**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» АҚ | 2,200,000 | 50,000 |
| Әділ құнына дейінгі түзетулерді қоспағанда | (31,810) | (5,418) |
| | 2,168,190 | 44,582 |

2011 ж. қыркүйек айында Топ бірлесіп бақылайтын компания «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС-на өтелім мерзімдері 2011 ж. 30 қарашасы мен 2012ж. 31 желтоқсанына дейін 250,000 мың теңге және 50,000 мың теңге сомасына пайызсыз қарыз берді. Топ бұл қарыздарды өтемпұл құны бойынша нарықтық пайыз мөлшерлемесін жылдық 11.5% көлемінде қарыз берген күнге бағалады және 13,045 мың теңге сомасына қауымдастырылған кәсіпорынға инвестиция құрамында әділ құнға дейін түзетуді көрсетті. Сондай-ақ, 2011 ж. ішінде Топ 7,627 мың теңге сомасына қаржылық кірістің құрамындағы дисконттың амортизациясын мойындады (31 Ескерту). 250,000 мың теңге сомасындағы қарыз 2011 ж. желтоқсан айында, ал 50,000 мың теңге сомасындағы қарыз 2012 ж. желтоқсан айында төленді.

2012 ж. Топ бірлесіп бақылайтын компания «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС-на өтелім мерзімі 2013 ж. 31 наурызына дейін 2,200,000 мың теңге сомасына пайызсыз қарыз берді. Топ бұл қарыздарды өтемпұл құны бойынша нарықтық жылдық пайыз мөлшерлемесі 7% көлемінде қарыз берген күнге бағалады және 72,991 мың теңге сомасына қауымдастырылған кәсіпорынға инвестиция құрамында әділ құнға дейін түзетуді көрсетті. Сондай-ақ, 2012 ж. ішінде Топ 41,182 мың теңге сомасына қаржылық кірістің құрамындағы дисконттың амортизациясын мойындады (31 Ескерту).

**Ақша қаражаттары мен олардың баламалары және пайдалануы шектелген ақша қаражаттары**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| «БТА Банк» АҚ (ақша қаражаттары және олардың баламалары) | 6,098,287 | 2,946,204 |
| «Темір Банк» АҚ (ақша қаражаттары және олардың баламалары) | 73,320 | 160,140 |
| «Альянс Банк» АҚ (ақша қаражаттары және олардың баламалары) | 6,706 | 132 |
| «БТА Банк» АҚ (пайдалануы шектелген ақша қаражаттары) | 80,947 | 79,701 |
| | 6,259,260 | 3,186,177 |

**Алынған қарыздар (19 Ескерту)**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| «БТА Банк» АҚ | 853,913 | 1,143, 329 |
| «Темір Банк» АҚ | - | 728,807 |
| «Самұрық –Қазына» ҰӘАҚ АҚ | 5,017,084 | 150,045 |
| Әділ құнына дейінгі түзетулерді қоспағанда | (106,767) | (22,218) |
| | 5,764,230 | 1,999,963 |

**Алдын-ала алынған төлемдер (25 Ескерту)**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ | 7,602 | 97,795 |
| «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ | 855,605 | 44,937 |
| Басқалары | 151 | - |
| | 863,358 | 142,732 |

**Акционерге төленетін дивидендтер (16, 22 және 25 Ескертулер)**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Мерзім ішінде есептелген | 693,205 | 116,000 |
| Есепті кезеңге берешек | 66,000 | 116,000 |

**Өткізуден түскен кірістер (26 Ескерту)**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| Министірлік пен мекемелер | 32,279,127 | 17,925,532 |
| «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ | 5,794,747 | 3,450,671 |
| «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ | 4,693,805 | 3,989,016 |
| «Қазатомпром» ҰАК АҚ | 118,543 | 801,118 |
| «Қазпошта» АҚ | - | 50,000 |
| «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС | 362,078 | - |
| Басқалары | 7,829 | 4,119 |
| | 43,256,129 | 26,220,456 |

**Сатып алынған тауарлар мен көрсетілген қызметтер бойынша шығындар**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| «Еурокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС | 13,478,486 | 10,583,079 |
| «№405 әуежөндеу зауыты» АҚ | 573,601 | - |
| «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ | 42,514 | 16,410 |
| «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ | 204,532 | 213,952 |
| «Самұрық-Энерго» АҚ | 53,278 | 53,901 |
| «Қазақтелеком» АҚ | 5,094 | 5,582 |
| «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС | - | - |
| Басқалары | 910 | 1,014 |
| | 14,358,415 | 10,873,938 |

**Қаржылық кірістер (31 Ескерту)**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| «БТА Банк» АҚ | 7,033 | 21,887 |
| «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» АҚ | 41,181 | 7,894 |
| | 48,214 | 29,781 |

**Қаржылық шығындар (32 Ескерту)**

| | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| «БТА Банк» АҚ | 55,845 | 54,230 |
| «Темір Банк» АҚ | 81,542 | 65,992 |
| «БРК лизинг» АҚ | 128,506 | 68,540 |
| «Самұрық –Қазына» ҰӘАҚ АҚ (пайыздар мен дисконт амортизациясы) | 322,701 | 30,002 |
| | 588,594 | 218,764 |

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға негізгі басқарушы қызметкерлерге өтемақы сәйкесінше 225,051 мың теңге мен 134,735 мың теңгені құрады.

## 38. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2013 ж. 3 қаңтарда Топ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан алған 910,600 мың теңге сомасындағы қарызды толық өтеді.

2013 ж. 14 ақпанда Топ пайыздық мөлшерлемесі 5% көлемінде 3,617,299 мың теңге сомасына қосымша купондық облигацияларды орналастырды.

2013 ж. 15 ақпанда Топ Жалғыз акционерінен айналым қаражатын толықтыру мақсатында өтелім мерзімі 2013 ж. 31 желтоқсанына дейін және пайыздық мөлшерлемесі 4% көлемінде 4,700,000 мың теңге сомасында қарыз алды.

2013 ж. 13 наурызда Топ купонның пайыздық мөлшерлемесі 5% көлемінде 969,239 мың теңге сомасына қосымша облигацияларды орналастырды.